Республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журнал

# Дана бала

№ 4 (12)
2017

желтоқсан, 2017

Раннее обучение - требование времени

Роль речевых игр при адаптации детей в детском саду

"Жұлдызым менің жоғары" психологиялық тренингі





Қарағанды қаласы
№8 ЖББОМ шағын орталығы, «Еркетай» 2 кіші тобы
«Пусть всегда будет солнце, пусть всегда будет небо!»



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы жаңалықтардың жаршысына айналған «Дана бала» журналы арқылы Егемен еліміздің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

2017 жыл барлық білім беру жүйесінің іргетасы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына 100 жыл толуымен ерекше есте қалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ғасырлық шежіресі аға буынның осы салада атқарған еңбектерінің ұшан-теңіз екенін айғақтады.

Тұғыры берік, еңсесі биік Мәңгілік елдің ертеңі – бүгінгі бүлдіршін. Осы бүлдіршіннің жан-жақты дамуы мен оның бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы тікелей тәрбиешінің қызметіне байланысты.

Бүгінгі жаңартылған мектепке дейінгі білім беру мазмұнын табысты іске асыру тәрбиешінің шығармашылық ізденістерінің аясын кеңейте түсуді талап етеді. Осындай жауапкершілігі зор жұмыстарды абыройлы атқаруда әріптестердің еңбегіне толағай табыстар тілейміз.

Директор Б. Игенбаева

# МАЗМҰНЫ
# СОДЕРЖАНИЕ




**ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ**
**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

*Раннее обучение - требование времени (из опыта Республики Польши)*

**ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР/ НАУЧНЫЕ НОВОСТИ**

*Мектепке дейінгі ұйымдардың әдістемелік жұмыстарында инновациялық технологияларды қолдану тиімділігі*

*Эффективность применения инновационных технологий в дошкольном обучении*

*Жаңартылған мазмұн ізденісті талап етеді*

**УАҚЫТ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
**ПРОБЛЕМЫ ВРЕМЕНИ**

*Баланың мектепке әлеуметтік-психологиялық дайындығы*

**ИННОВАЦИЯЛАР**
**ИННОВАЦИИ**

*Мектепке дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде дидактикалық ойындарды қолданудың инновациялық әдістері*

*"Жұлдызым менің жоғары" психологиялық тренингі*

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**
**НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ**

*Білім беру процесінде ұлттық ойындарды қолдану*

**БАЛА-МЕДИА**
**МЕДИА-РЕБЕНОК**

*“Devar Kids” в Казахстане: так оживают рисунки*

**АТА-АНА УАҚЫТЫ**
**ВРЕМЯ РОДИТЕЛЕЙ**

*Бала тілін қалай дамытамыз?*

**ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ**
**ЛУЧШИЙ ОПЫТ**

*Өнер – күретамыр*

*Роль речевых игр при адаптации детей в детском саду*

*Серуен*

**ЗИЯТКЕР**
**ИНТЕЛЛЕКТУАЛ**

*Темірәлі Ахмет Қалдыбекұлы*

**НЫСАНА**
**ОБЪЕКТИВ**

*Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері*

*Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңін жеңіл өткеруіне жәрдемдесу жолдары*

**АҚПАРАТ**
**ИНФОРМАЦИЯ**

*Ток-шоу «Ана мен бала»*


**Негізгі тақырыптық бағыты**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

**Основная тематическая направленность**

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской общественности в виде информационного материала

**Меншік иесі:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы» РММ

Республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журнал

**Директор:** ***Бижан Құрманғалиқызы Игенбаева***
ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Редакция алқасы:** ***Шарапат Сейсенбекқызы Сұлтанғазиева***
ҚР Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту басқармасының басшысы, педагогика ғылымдарының кандидаты
***Әзия Елеупанқызы Жұмабаева***
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
***Сайраш Нағашбайқызы Жиенбаева***
Қыздар педагогикалық университетінің педагогика-психология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
***Маржан Анесқызы Ғалымжанова***
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі
***Алмагүл Данияркқызы Бұғыбаева***
Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері
***Гүлнар Қайроллақызы Искакова***
Астана қаласы №73 «Аяулым» балабақшасының меңгерушісі

***Редактор:*** ***Айдана Шотбайқызы***
***Алия Ахатова***

**Концепт дизайн, верстка:** *Айнагүл Наурузова*

**Редакция мекенжайы:** *Қазақстан Республикасы, 010000, «Мектепке дейінгі балалық шақ» РММ*
*Астана қаласы, VIP-қалашығы, 3*
*тел.: +7(7172) 29-56-29,*
*www.rc-dd.kz*
*e-mail: danabala2017@mail.ru*

Республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 14553-Ж куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014ж.)

# Бейбітшілік және достық барша әлемде



№3 «Қарлығаш» балабақшасы

# ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ



# МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ



**Игенбаева Б.К.**
**Директор Республиканского центра "Дошкольное детство " МОН РК, кандидат педагогических наук, доцент**

## РАННЕЕ ОБУЧЕНИЕ-ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

*(из опыта Республики Польши)*

*В настоящее время вопрос обучения детей раннего возраста чтению и письму становится актуальным. Все более широко распространено желание родительской общественности включить ребенка в образовательный процесс уже на пятом году жизни, увеличить интеллектуальную нагрузку для более успешной подготовки его к обучению в школе.*

*Согласно данным ЮНЕСКО, обобщившего опыт 204 стран мира, обучение детей в школе начинается:*

*с 5 лет - в 28 странах*

*с 6 лет – в 134 (79,4%)*

*В целях изучения данного вопроса был организован выезд группы специалистов в Польшу.*

*В рамках визита состоялись встречи членов рабочей группы с Мачей Копеч, вице-министром национального образования Республики Польши; Катажина Кошевска, директором Департамента общего образования МНО РП; Тынельски Александром, советником министра Департамента общего образования МНО РП; Моника Лукашевич, главным специалистом Департамента общего образования МНО РП, которые провели презентацию системы дошкольного образования Республики Польши.*

*В ходе поездки рассматривались вопросы предшкольной подготовки детей, преемственность дошкольного и начального образования, нормативно-правового обеспечения и методического*





*сопровождения, подготовки педагогических кадров и повышения их квалификации. Также было изучено учебно-методическое сопровождение образовательного процесса, построенных на результатах исследований педагогических вузов.*

*Одной из основных намерений Министерства национального образования Польши является повышение доступности высококачественного дошкольного образования для детей от 3-х лет до начала школьного образования. Задачи, принятые Министерством образования в этих целях, включают:*

*- развитие сети дошкольных образовательных учреждений и предоставление различных форм дошкольного образования для детей дошкольного возраста;*

*- педагогическая поддержка и помощь в решении вопросов для родителей, воспитывающих маленьких детей,*

*- оказание психологической, педагогической и специальной поддержки в развитии и воспитании детей.*

*Государственные детские сады Республики Польша предоставляют услуги дошкольного воспитания и обучения для детей в возрасте от 3 до 5 лет (в исключительных случаях они могут принять также детей в возрасте 2,5 лет). Наполняемость групп составляет 25 детей согласно утвержденным нормам. Здесь воспитываются также дети с ограниченными возможностями, за которыми закреплен отдельный воспитатель.*

*Местные органы власти определяют время пребывания ребенка в детском саду бесплатно минимум 5 часов в день, дополнительные часы оплачиваются родителями. Ставки родительской платы отличаются в зависимости от региона. Например, в Варшаве оплата за каждый дополнительный час составляет 2,81 злотых (281 тенге).*

*Как и у нас в Казахстане родители платят за питание ребёнка (в Варшаве около 8 злотых (800 тенге) в день за трёхразовое питание). Большинство дошкольных учреждений предлагают дополнительные платные занятия в соответствии с интересами ребенка (например, танец, рисование, английский язык).*

*Во время деятельности рабочей группы большой интерес вызвали исследования Едитой Грушчик-Кодчинска директора Института помощи развития человека и образования Академии специальной педагогики им. Марии Гжегожевской, посвященные выявлению математических способностей у детей с раннего возраста (4-5 лет), которые способствуют формированию у них логического и критического мышления.*





*Обучение детей пятилетнего возраста чтению, письму и счёту организовано в детских садах или в начальных школах. Данный подход предназначен для детей, которые в следующем учебном году начнут обучение в нулевом классе.*

*В Польше введена электронная система записи детей в детские сады, которая позволяет создать предпочтительный список дошкольных учреждений, куда родители хотели бы отдать своего ребёнка.*

*Преподаватели дошкольного образования - это квалифицированный персонал для работы с каждым ребенком, и их обязанностью является выбор методов и форм работы для удовлетворения потребностей развития и каждого ребенка. При работе с ребенком учитель должен следовать принципу индивидуализации. Основная форма деятельности – игра.*

*Педагоги, работающие в дошкольном образовании, имеют высокий уровень образования в Европейском Союзе. В 2016 году в Республике Польша 86,4% работающих в дошкольном образовании педагоги имели степень магистра или докторскую степень, а 10,7% имели степень бакалавра.*

*В стране нет недостатка в педагогических кадрах, так как в Польше учитель получает хорошую зарплату, которая зависит от стажа работы и уровня профессионального мастерства (5 уровней квалификации). Средняя заработная плата составляет – 2400 злотых (240 тысячи тенге). Кроме этого, органы местного самоуправления имеют возможность дополнительно оплачивать педагогу от 10 до 150%.*

*В настоящее время Польша впереди таких стран, как Кипр, Болгария, Чешская Республика, Румыния, Финляндия, Греция, Словакия, Хорватия. Европейская комиссия рассматривает Польшу как страну где большой охват детей дошкольным образованием.*

*К 2020 году в Польше планируется охватить детскими садами не менее 90% детей в возрасте от 3 лет и не менее 33% детей в возрасте до 3 лет.*

*Изучение опыта работы системы дошкольного образования Польши показал, что в стране достигнуты определенные успехи в деле удовлетворения потребности населения в дошкольном образовании детей.*

# ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР



# НАУЧНЫЕ НОВОСТИ





**Есмаханова У. А.,**
**Руководитель предметно-цикловой комиссии «Дошкольная педагогика» Кызылординского гуманитарного колледжа им. М. Маметовой**

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ДОШКОЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ

В настоящее время главной целью проводимой реформы в сфере образования нашей страны является формирование и воспитание личности с современным, разносторонне развитым мышлением, умеющим творчески подходить к своему делу.

Инновации определяют новые методы, формы, предметы, технологии применяемые в педагогической практике, направленные на развитие способностей личности ребенка.

В связи с этим, сегодняшняя инновационная деятельность, связанная с обучением в детских садах является основным фактором профессионального развития педагогов дошкольных организации.

Ребенок современного мира – это наше завтрашнее будущее.

Формирование молодого поколения, его развитие, детальное изучение и определение его внутреннего мира, и создание условий для дальнейшего развития его способностей и возможностей становится основной задачей каждого педагога.

Это все зависит от умения в совершенстве применять новые педагогические технологии педагогов дошкольного учреждения для достаточного просвещения, развития на своем уровне личности детей в дошкольных учреждениях.

Потому что в настоящий период как и насколько важны инновационные педагогические технологии в сфере образования и науки, настолько так же педагогические технологии играют важную роль в обучении и воспитании детей дошкольного возраста.

Инновационные технологии – это предметы и методы сопряженные с приоритетными целями знаний: обучение – сложная и открытая система новых задач, содержаний, форм и методов, связанная единой общей концепцией организации воспитательного процесса, здесь каждая позиция влияет на другую и в конечном итоге составляет комплекс положительных условий для развития ребенка.

Известно, что прямой обязанностью каждого педагога на сегодняшний день, является создание условий для свободного, активного развития, получения разносторонних знаний, творческого развития будущего поколения.

Так как, инновационная деятельность – глубокое знание педагогов педогогических технологии, методов и приемов, психологии и педагогики в работе с детьми детского сада помогает в достижении каких-либо конкретных целей педагогами.

Выражаясь более конкретно, эта деятельность способствует повышению интереса и жизнеспособности, делая процесс обучения и воспитания сознательным и качественным.





Требование тенденции новой технологии оказывает влияние на достижение целей в обучении ребенка, развитие его умственных способностей через действия, повышая познавательную активность, разностороннее развитие и умение быстро принимать новое.

На данном периоде развития общества технологизация в процессе обучения, воспитания в образовательной системе дошкольных учреждений –одна из главных задач. В связи с этим в практике дошкольных учреждений создаются и применяются различные технологии обучения и воспитания.

К примеру, применяемые инновационные технологии: педагогика сотрудничества, гуманное обучение, игровое обучение, проблемное обучение, модульное обучение, обучение через опорные сигналы, развивающее обучение, компьютерная технология обучения, программное обучение, уровневое обучение и другое. Из них хочу отметить эффективность проектной технологии.

Метод проектирования – инновационная педагогическая технология.

Педагогический проект – это комплекс действий организованный специально педагогом, в результате которого ребенок сможет самостоятельно принимать решения, сделать свой выбор и в следствие своего труда и творчества он становится ответственным. Стимулирует на конкретные задачи, требующих специальных знании и фактическое применение знании, охватывающее решение проблемы через действия проекта.

Особенность технологии проекта – это умение с ребенком спроектировать предстоящие действия и умение быть его субъектом.

Проект – это педагогический метод, посредством которого ребенок в достижении цели воспринимает окружающую среду через периодические процессы и предварительно запланированные практические действия.

Метод проектирования – способ достижения процедурной дидактической цели, который позволит дать конкретный результат через тщательное изучение проблемы.

Метод проектирования – всегда предвещает какое-либо решение проблемы.

Метод проектирования – метод обучения направленный на индивидум.

Он посредством содержательной части обучения и комплекса задании развивает мастерство и навыки. Также способствующий побуждению у детей исследовательских действий через комплекс задании содержательной части обучения, обучаемые сведения принимаются в виде какого-то действия или продукции, развивая мастерство и навыки.



Преимущества проектного обучения: мышление на логическом уровне и приветствуется активное исследование, повышение уверенности в собственные силы и возможности у детей, в работе с проектом в сравнении с традиционным обучением, дети постепенно принимают ответственность своего обучения.

В результате улучшаются качество обучения и способность мышления, умение понять проблему, способности сотрудничества и мастерство построения таких действий как взаимоотношения и увеличивается возможность развития методов.

Вместе с этим повышается возможность обучения с разным уровнем развития детей.

Основная идея метода проектирования: развитие познавательного интереса у детей, умение самостоятельно с помощью воспитателя или родителей, наполняя свои знания, находить необходимое в информационном пространстве и развитие критического мышления. Цель технологии обучения через игру предусматривает дидактическую, воспитательную, социальную цель.

Особенность игровой технологии – психологический механизм игрового действия опирается на собственные предпочтения личности. Предусматривает раскрытие у ребенка таких качеств как любознательность, познавательность, творческие качества.

Игра для ребенка и обучение, и труд.

Игра – способ познания окружающей среды. Она не только помогает преодолевать встречающиеся трудности в жизни, но также формирует их организаторские способности, повышает их желание к познанию окужающей среды.

Технология проблемного обучения научить ребенка самостоятельному соисканию, развивать познавательные и творческие способности. То есть, повышение активности детей, создать проблему побуждающую у ребенка интерес к обучаемому материалу, ребенок воспринимает не только через органы чувств, он осваивает материал в целях удовлетворения потребности в знаниях, ребенок связывает обучение со своей жизнью и трудом.

Технология самостоятельного развития – это разностороннее развитие ребенка, воспитание самостоятельности, воссоединение мира предметов и умственных действий в сознании ребенка. Здесь необходим естественный подход в ответствии с развитием ребенка, только тогда ребенок сможет сам себя развивать. Как поясняет педагогика М. Монтессори, вся жизнь ребенка начиная с рождения и до взросления является развитием его свободы и самостоятельности. Особенность этой технологии в том, что нет единой программы, каждый идет путем предназначенный ему природой. В



детских садах нет занятий, каждый день начинается с собрания и после собрания каждый по своему желанию занимается чем угодно. Действия каждого ребенка в зависимости от его труда оценивается со стороны другого ребенка.

Здесь главная задача – ребенок оценивает себя сам.

Педагогика сотрудничества – переход педагога от требовательной педагогики к педагогике взаимоотношении.

Обращение к ребенку с гуманной стороны, неотъемлимое единство обучения и воспитания: воспитатель-ребенок, ребенок-воспитатель, ребенок-ребенок, то есть и ребенок и воспитатель являются субъектами. Вместе с этим, гуманные взаимотношения с ребенком как с личностью. Взаимопонимание между ребенком и воспитателем, сотруднические взаимотношения.

**Основная цель этой технологии – это воспитать в ребенке гражданина, формирование и воспитание любознательности, вселить теплоту в сердце и в душу ребенка.**

Технология отборно-уровневого обучения является освоение знании, умении и навыков. Обучение каждого ребенка на своем его возможном уровне адаптировать, приспосабливать обучение в соответствии с различными группами.

Технология модульного обучения – проектирование целостности обучения, организация педагогического процесса ориентированного на достижение поставленных целей, анализ результата воспитателем выбор и формирование воспитателем системы, результаты которой возможно проанализировать, разъяснить.

Профилактика трудностей встречающихся в работах проводимых детьми и составление системы исправительных работ.

Технология развивающегося обучения – далее развивать ребенка обучая его. Развивать в ребенке свободолюбие, целеустремленность, честь и достоинство, чувство гордости, индивидуальность, человечность, трудолюбие, активность и другие качества.

В настоящее время во многом в дошкольных учреждениях применяется технология «Шаг за шагом».

Основа педагогики Монтессори - создание специального окружения и способствование саморазвитию ребенка в нем. Монтессори задавала вопрос о необходимости для развития ребенка и доказала в открытых им школах, что для этого необходимо стремление служению себе и саморазвитию. Поэтому адаптирование ребенка к жизни осуществляется в развивающейся среде.

Развивающая среда – предметно-пространственная среда, внимание и вызывающие интерес материалы: условия обучения и воспитания в ней детей позволяют индивидуальным темпом развиваться каждому ребенку.

Основная цель технологии «Шаг за шагом» – обучение, учитывая индивидуальное восприятие и уровни развития каждого ребенка. Указанные педагогические технологии возможно использовать только учитывая возрастные различия детей детских садов, возможности восприятия каждого ребенка на каждом этапе. Способность запоминания у детей дошкольного возраста слабая, процессы восприятия неустойчивые. Поэтому они любят прикасаться и видеть предметы. В связи с этим, в процессе обучения детей дошкольного возраста следует широко применять наглядное пособие, игровую технологию.

Воспитатель – важная личность закладывающая основу знаний в ребенке.

Требования предъявляемые к подготовке воспитателю-новатору направлены на внедрение новых путей и обучения направленных на освоение профессиональных навыков в настоящее время, вооружая студентов новыми видами обучения.

Как говорил ученый педагог В. А. Сухомлинский: «Педагогическое мастерство и педагогическое искусство является умением познать мудрость сердцем», воспитатель определяет природные качества ребенка, умеет раскрывая и развивая их проанализировать. Только творческий, соискательный, умеющий индивидуально с детьми строить взаимоотношения педагог, сможет формировать предпосылки гражданина общества в соответствии требованиями современного мира. Поэтому изучается профессиональная компетентность педагогов, организаторские, исследовательские способности. Это вот и является особенным видом новой деятельности технологии инновационного обучения.

Для освоения инновационной технологии обучения необходимо применять огромный педагогический опыт. Это работа требует от человека творчески подходить к своей деятельности, иметь способность применять деловые личностные качества.

**В действительности каждый педагог, каждый воспитатель детского сада в ходе освоения новой инновационной технологии саморазвивается и самоформируется.**



**Қарақұлова Қ. Қ.,**

**«Ер Тарғын» МКҚК балабақша меңгерушісі**



# ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН ІЗДЕНІСТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Жаңартылған білім беру бағдарламасы –болашақтағы сапалы білім кепілі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жетілдіруге ықпал ететін жаңа тәсілдерді талап етеді. «Балапан» бағдарламасы аясында ашылған «Ер Тарғын» МКҚК балабақшасы балалардың жас ерекшіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жасап жатыр. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріполардыжан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеуметтік» білім беру салаларын кіріктіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асыруды қамтамасыз етуде. Балабақшамызда жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында бүгінгі күннің талабына сай жан-жақты дамыған, білімді, үш тілді меңгерген тұлға қалыптастыратын үш тілді білім беру жүйесі және баланың тұлғасын дамытуға ықпал етіп, балаға зерттеуші ұстанымын игеруге мүмкіндік беретін және алған білімдерін өмірде қолдана білуді үйрететін заманауи әдістер мен инновациялық технологиялар кеңінен қолданып келеді. Жаңартылған білім беру мазмұнын қолдану барысында балабақшамызда 2017 жылдың 19 мамыр айында Қызылорда облыстық білім басқармасы облыстық оқу орталығы, қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұны бойынша білім беру салаларын кіріктіру» тақырыбында облыстық семинары өткізіліп, онда ұйымдастырылған оқу қызметтері бойынша «Мотивациялық кезеңдер шеруі», балабақша тәрбиеленушілері арасында “Дарындыларды дараламыз” сайысы, “Күштінің де күштісі” дене тәрбиесінен кіріктірілген оқу қызметі, ересектер тобы балалары арасында ағылшын тілінде “Білімділер марафоны” және де “Дети будущего” үш тілдегі балалар қойылымы, кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетілді. Қазіргі таңда жаңартылған мазмұнды табысты іске асырудағы жүйелі жұмыстардың бірі – балабақшаларда білім мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының жартыжылдықтар бойынша білім беру салаларының күтілетін нәтижелері балалардың жас ерекшеліктерне сәйкес игерген біліктері мен дағдыларының көрсеткіштері ретінде берілуі балабақшадағы педагогикалық процестің сабақтастығы мен біртұтастығын айқындайды. Диагностиканы оқу жылының басында бастапқы, ортасында аралық және соңында қорытынды бақылауды жүргізу ұсынылған. Осыған сәйкес балабақша педагогтары да балалардың біліктері мен дағдыларының дамуы бойынша бастапқы мониторингті жүргізіп, нәтижесінде орташа және жоғары деңгейдегі балалардың үлесі балабақша бойынша 67, 3% көрсетті. Бүгінде педагогтарымыз біліктері мен дағдыларының дамуы бойынша 1 деңгейді








көрсеткен балаларды дамытудың жаңа міндеттерін белгілеп, балалармен жүргізілетін педагогикалық процесті жоспарлы түрде іске асырылады. Мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін мониторингбала дамуының түрлі кезеңдерінде өзгерістерді белгілеуге, балалардың жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және балалармен одан әрі түзету жұмысын табысты жүргізуге ықпал етеді.

Сонымен бірге жаңа оқу жылынан бастап, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын тиімді игеруде, бес білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асырылатын өтпелі тақырыптар тізімі берілді. Әрине кез келген жұмысты жаңадан қолға алып бастаған кезде қиыншылықтар да кездеседі. Дегенмен бүгінгі күні жаңартылған мазмұнды табысты іске асырудың алдымызға қойып отырған міндеттерінің бірі – балабақшадағы балаларды қабылдаудан бастап оларды үйіне шығарып салуға дейінгі жұмыстарда педагогтардың ізденуін бір білім беру саласында жүргізілген жұмыстарды екінші білім беру саласында сабақтастықпен жалғастыру. Мысалы, айлық өтпелі тақырып «Менің отбасым», апталық «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» тақырыыбын ашатын болсақ, дүйсенбі күні таңертеңгілік қабылдауда «Менің отбасым» үстел-үсті театр ойыны ұйымдастырылса, сейсенбі күні «Біздің үй» дидактикалық ойыны өткізіледі. Оқу қызметі Сөйлеуді дамыту пәнінде «Менің отбасым» тақырыбында балалар сурет бойынша әңгіме құрастырса,қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінде«Біз отбасында нешеуміз?» тақырыбында сан және санау ұғымы қалыптасады. Серуен кезінде «Тақия тастама» қимылды ойын арқылы отбасы туралы ақпарат, білім беріледі. Екінші күн жартысында мазмұнды рөлді «Отбасы» ойыны арқылы балаларды үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелейміз.

Осылай бір аптаға арналған Циклограмма құрастырылып, нәтижесінде жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, балалардың өтпелі тақырыптар арқылы қажетті білім, білік дағдыларын игеруіне толық мүмкіндік беріледі.

Міне, осы өтпелі тақырыптар арқылы педагогикалық процесті жоспарлау баланың күні бойы болатын балабақшадағы педагогтардың жұмысын жүйелі түрде сабақтастықта ұйымдастыруына, педагогтардың бір-бірімен тығыз байланыста ізденімпаздықпен әрекет етуіне мүмкіндік берді.

Жаңартылған білім мазмұны бұрынғыдай дайын дүниені беріп, тек орындауды емес, ұдайы ізденісті, еркін шығармашылықты, қажырлы еңбекті талап етеді.

# УАҚЫТ МӘСЕЛЕЛЕРІ



# ПРОБЛЕМЫ ВРЕМЕНИ



**Бейбітбаева Р.**

**№54 орта мектеп**
**Мектепалды даярлық сынып жетекшісі**

## БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беретін мекемелерге баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, дүниетанымын кеңейтіп, тәрбиелеу мен оқытуда дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, әрбір баламен жеке жұмыс жасау міндеті жүктеледі. Өйткені мектептің бірінші сыныбына баратын баланың физиологиялық жағынанан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттерге ие, ерік жігері күшті болу қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің, ата-аналардың басты міндеті – баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау.

Мектептегі оқудың басталуы – бала өміріндегі әлеуметтік-психологиялық жағынан да физиологиялық жағынан да қиын әрі жауапкершілігі мол кезең. Баланың бұл кезде бар өмірі өзгеріске түседі. Мектеп дәл осы қауырт шақтағы бірнеше күн ішінде оқушыға бірнеше талаптар қояды. Баланың алған азын-аулақ білімі талаптарды орындауға мүмкіндік бермейді.

Мектепке бару – бала өміріндегі үлкен жаңалық, шешуі кезең. Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап баланың мінез-құлқы, оның әулеметтік жағдайы өзгереді. Бірақ ішкі әлемі, психологиясы әлі мектепке дейінгі қалыпта болады. Баланың ең негізі іс-әрекетіәлі де ойын, сурет салу, ойыншықтарды құрастыру болып қала береді. Ойын арқылы құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, алғашқы білім дағдыларына бой үйретеді. Бала мектепке барысымен ұқыптылық пен зейінді талап ететін жүйелі оқу, еңбектену іс-әрекетін меңгерген болады. Бұл кезде балаға жақын арада атқарылуы тиіс мақсаттар және оның күш салуын қажет ететін тапсырмалардың мөлшері аз болғаны дұрыс. Елеулі өзгерістерге қарамастан, еркін іс-әрекеттер жасай білу үшін баланың мектепке алғашқы психологиялық дайындығы болуы тиіс.

Бала мектепке бірден бейімделмейді. Мектеп ережелерін игеру үшін көп уақыт керек. Бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін ұзақ үрдіс. Баланың ағзасында жаңа тәуліктер мен іс-әрекеттерді үйрену өзгерістер туғызады. Бала мектепке бірден төселіп кете алмайды.

Мұғалім әр бала денсаулығына жауапты. Оқушы болған соң көптеген міндеттер жүктеледі. Оқушы мұғалімнің талаптарын орындауы керек, тәртіпті, құрдастарымен қарым-қатынас жасай білуі қажет.Жаңа күн режиміне, сабақтар ретіне үйренуі тиіс. Мұғалім мен ата-ана балаға ережелерді, тәртіп нормасын тек көңілі түскенде





немесе анда-санда орындамай, үнемі сақтап жүру керектігі түсіндірген абзал.

Балалық шақтан мектепке өту баланың өмір сүру салтын түбірімен өзгертеді. Мектепке барып, оқушы атану баланың жеке басын ерекше адамгершілік бағытқа бұрады. Ол үшін оқу тек білім игеру әркеті ғана болып қоймай, күнделікті міндетті еңбек ретінде өзін қоршаған ортаның өміріне бейімделе бастайды. Осы жағдайлардың барлығы мектеп бала өмірінің қызыққа толы орталығына айналатындығын көрсетеді.

Баланың мектепке даярлық мәселесін сөз еткен Д.Б. Эльконин оқыту іс-әрекетіне қажетті алдын ала дайындықты талдай отырып, мынадай өлшемдерді анықтаған: қалыптасқан іс-әрекет тәсілдеріне бала өз іс-әрекетін саналы түрде бағындыра алу қабілеті; белгілеген жүйе талаптарына бағыттала білу қабілеті; мұғалімді мұқият тыңдап және ауызша түрде ұсынылған тапсырманы нақты орындай алуы; талап етілген тапсырманы өз еркімен орындай алу қабілеті.

Мектепке дейінгі кезеңдерді қарағанда, міндеттердің өзгергендігін, қандай құқықтары бар екендігін айтады. Егер бала бір нәрсе бүлдіргенде мұғалім үндемесе, ол келесі жолы да қайталайды. Ескерту алса, енді қайталамауға тырысады. Оқу-әрекет ұжымдық сипат алатындықтан баланың көппен бірігіп жұмыс жасауға үйретеді. Көп бала тез араласып, үйреніп кетеді, кейбірі біразға дейін үйрене алмайды. Мұғалім мұндайда баланың комплекстен арылуына себепші болу керек. Балаға теріс баға бермей, керісінше оның сыныпта бөтен емес, достарымен тең екенін сездіргеніжөн. Оқушы осы кезде мұғалімді ата-анадан артық қояды. Адаптация кезінде бірінші сыныптарға баға қойылмауы тиіс, себебі бұл уақыттағы психологиялық қиындықты туғызады. Жұлдызша, басқа да белгілер пайдалануға болады. Қозғалыс бала қабілетін сақтайды, осы себепті әр сағат сайын спорт қимылын өткізіп түрса, келесі сабақта жалықпайды.

Бірінші 6 апта – дағдылану, 20 қазаннан желтоқсанға дейінгі уақытта тұрақты жағдай мен жұмысқа қабілеттілік жоғары деңгейде болады. Демалыстан кейін 1-2 апта дағдылану және өте қысқа кезең – тұрақты қабілеттілік, 6 жасарлар үшін 3-4 тоқсан – қосымша демалыс. Бұл оқуды қалпына келтіретін кезең, оқушы партада отырудан жалығады. Эмоциялық бәсеңдеу керек болса, онда айқайлау, қозғалыс ойындар әрдайым оң әсерін береді. Уақытылы гимнастика жасау жүйке жүйесі мен бұлшық еттің физиологиялық күш-қуатын жақсартады. Сергіту сәттері баланың жұмысқа қабілетін, шаршауын басады. Үзілісте үнемі таза ауада болса, күшін жинап, шаршамайды. Сондықтан күн тәртібіне арнайы көңіл бөлініп, кесте пайдалы әрекеттермен толықтырылуы керек.

12 жылдық білім беру жағдайында алты жасар балалардың бойында танымдық белсенділігін дамыту мәселесі теория мен тәжірибеде жаңалық іздеуді талап етеді. Әсіресе балаларды мектепке дайындауда баланың бойында оқу қызметін меңгеруіне қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеу және толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасының өзіндік маңызы зор. Баланың мектептегі оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдісті жүзеге асырудың бірден бір жолы – ата-ананың, тәрбиешінің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі. Бала балалық шақтан өзіне белгісіз, таныс емес дүниенің есігін ашқаннан кейін, оның өмір сүру тіршілігі түбегейлі өзгереді. Яғни, баланың мектеп өміріне еніп және өзінің әлеуметтік ортада «МЕН» дегенін қалыптастыра алып, жоғарыдан көріне білуі оның білімді нәтижелі игеріп кетіне ықпал жасайды Демек, баланы мектепке даярлау мәселесі өз өзектілігін жоғалтпайтын, әлі де зерттеуді қажет ететін міндетті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты – ұлттық білім беру жүйесін жаңа арнаға бұру, нәтиже мен сапаға бағыттау, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу. Әрбір баланың жеке дамуына жағдай жасау және оның оқуда, қарым-қатынаста өзіндік тәжірибесінің қалыптасып, шығармашылық және әлеуметтік белсенділігінің дамуына ықпал ету. Баланы дұрыс тәрбиелеуді, жақсы әдет, дағды қалыптастыруды ерте бастан ескерген жөн.

ИННОВАЦИЯЛАР



ИННОВАЦИИ





**Совет А. Б.**

**«Нұр Орда Шұғыла-3» балабақшасы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі**

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қазақтың жазба әдебиетін қалыптастырып, шетелдің ғажайыптарын қазақ тілінде сөйлетуді бастаған хакім Абай: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағдысына кіреді», – дейді. Мұнда Абай атамыз өзге тілді білудің адам жан дүниесін байытатынын айтады.

Ағылшын тілі – ғаламдық тіл. Бұл бүгінде дәлелдеуді керек етпейтін қоғамдық аксиомаға айналды. Ал осы тілді толық меңгерген адам ғаламдық деңгейдегі жетістіктерге жетуге қабілетті келеді. Осы негізді басшылыққа алған мемлекет басшысы «Үштұғырлы тіл» идеясын 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Барлық білім беру жүйесінің бірінші баспалдағы – балабақшада. Мемлекеттік идеяны жүзеге асыруда білімнің, ғылымның үлесі қандай болса, білімдегі алға жылжу мен дамуда балабақшаның қосар үлесі сондай. Осы мақсатта ағылшын тілінің алғашқы элементтерін мектеп жасына дейінгі балаларға меңгертудің тиімді тұстарын, нәтижелі әдіс-тәсілдерін тәжірбие жүзінде қалыптастыруды қолға алдық. Бұл жастағы балалардың негізгі әрекеті – ойын. Олар барлығын – білім, білік дағдыларын, таным-түсініктерді, адамгершілік қағидаларын дәл осы ойын арқылы игереді. Ал оқу-тәрбие ісінде негізгі ойынның орнын дидактикалық ойындар алады.

Дидактика термині грек тілінен аударғанда «оқытамын, тәрбиелеймін» деген мағынаны береді, яғни ол – білім беру, оқыту, тәрбиелеу теориясы. Бұл терминді ең алғаш XVII ғасырда чех ғалымы Я. А. Коменский өзінің «Ұлы дидактика» еңбегінде қолданды. Демек, дидактиканы педагогика ғылымының негізі деуге болады. Ал дидактикалық ойындар – балаларды оқытатын, тәрбиелейтін, үйрететін ойындар жиынтығы.

Мектепке жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретудің ең тиімді тәсілдерінің бірі – ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойындарды пайдалану. Бұл ойындардың әр түрі бар, оларды қалай таңдауға болады? Шын мәнінде шығармашыл педагог мұндай ойындарды әр күнгі тақырыптарға сай өзі-ақ жаңадан құрастырып, сабақты қызықты ете алады. Дегенмен қалыптасқан дидактикалық ойын түрлері де жетерлік. Оларды тақырыптарына, жас ерекшеліктеріне қарай топтастыруға болады. Алайда әмбебап дидактикалық ойындар да бар, бұл менің субъективті ойым, атауым. Әмбебап



дидактикалық ойындарды жоғарыда аталған тақырыптар мен балалардың жас ерекшеліктеріне қарамастан ағылшын тілі оқу қызметі өтетін барлық топтар мен сыныптарда, кез келген тақырыптағы ағылшын тілі оқу қызметінде пайдалануға болады. Мысалы, «Find and say» ойыны, яғни қазақша аударсақ, «Тап және айт» әмбебап дидактикалық ойыны. Мақсаты: жаңа сөздерді үйрету, ұсақ қол қимылдарын дамыту. Барысы: үй жануарларының мүсіндерін тарының арасынан тауып алады, атауын ағылшын тілінде айтады. Міне, дәл осы ойынды тақырыптарға, жас ерекшеліктеріне қарай түрлендіре аламыз. Жоғарыда үй жануарлары жасырылған, сіз құстар, оқу құралдары, бояулар және басқа да түрлі тақырыптарды өтсеңіз, соған сай өзгерте бересіз. Әрі «Ойыншықтар» тақырыбындағы оқу қызметінде әрбасқа ойыншықтарды қоржынға салып, белгілі бір біреуін қарамай, тек сипап сезу арқылы тауып, атын ағылшынша айтып беруін тапсырсаңыз, ойын тіпті түрлене түседі.

Әмбебап дидактикалық ойындарға «How many?» ойыны да жатады. Ағылшын тілі оқу қызметі мектеп жасына дейінгі балалар ішінде ересек топтан басталатынын ескерсек, бұл кезеңдегі балалар сан, санау түгілі қарапайым арифметикалық амалдармен есеп шығаруды да біледі. Сондықтан «How many?» ойыны да ересек, мектепалды даярлық топтары мен 0 сынып балаларына, барлық тақырыптағы ағылшын тілі оқу қызметінде қолдануға қолайлы әмбебап ойын. Ойынның мақсаты: балаларды ағылшын тілінде санауға үйрету, сандардың ағылшынша атауын меңгерту. Барысы: айналадағы зарттарды (алдындағы оқу құралдары, жиһаздар, ыдыстар, т.б.) санайды, педагог кез келген баланы тұрғызып сұрайды, ол ағылшынша санап, жауабын айтуы керек.

Мінекей, осы ойынды да компьютерден түрлі слайдтармен, анимациялық сюжеттермен немесе картиналармен алдын ала дайындап, гүлдер, жануарлар, үйлерді санап, ағылшынша айтуын сұрап, түрлендіре беруге болады.

Мұндай ойындар қатарына «Give me, please», «What color?», «What is it?»ойындары жатады. «Give me, please» әмбебап дидактикалық ойыны балалардың заттарды ағылшынша танып-білуіне, сөздік қорын молайтуды және жаңа сөздерді қайталатуды мақсат етеді. Ойын барысы бойынша педагог кез келген балаға алдын ала таратып қойған карточкалардың бірін нұсқап, «Aidar, give me, please a cat» дейді. Бала мысық бейнеленген карточканы беруі керек. «What color?» ойыны балаларға түстердің ағылшынша атауын меңгертуді көздейді. Балалар айнала шеңбер құрып тұрады, ойынды бастаушы (педагог немесе бала) допты келесі бір қатысушыға лақтырып қалады да өзінің шашын, киімін, жанында тұрған бір затты ұстай алады. «What color?» дейді, допты қағып алған бала сол заттың түсін тауып, ағылшынша айту қажет. «What is it?» дидактикалық ойынының мақсаты: жаңа сөздерді игерту, сөздік қорын молайту, осыған дейінгі білімдерін бекіту. Осы ойынды балаларды өзі ойнауына мүмкіндік жасаған тиімді. Балалардың деңгейін байқайсыз, сонымен қатар еркіндік бересіз. Әрине, шашырап кетпес үшін бақылап тұру міндетті. Арнайы дайындалған суреттерді бір балаға бересіз, ол барлық достарынан суреттің кішкене ғана бөлігін көрсетіп тұрып, «What is it?» деп сұрайды. Бірінші болып тапқан бала ойынды әрі қарай жалғастырады.

Жоғарыда келтірілген ойындардың бәрі түрлендіруге, ауыстыруға, ойын барысын қызықты етуге, тіпті өзгертуге болатындықтан және жас ерекшелік, тақырып таңдамайтындықтан әмбебап. Енді белгілі бір тақырыптағы оқу қызметтерінде қолданылатын дидактикалық ойындарға тоқталайық. Ағылшын тілі оқу қызметінің жылдық жоспарында «My toys», яғни «Менің ойыншықтарым» атты тақырып бар. Бұл – балалардың ең сүйікті тақырыбы. Мұнда педагог оқу қызметі өтерден бір күн бұрын ата-аналардан балалардың сүйікті бір-бір ойыншығын алдыртып, Дымбілместің қоржынына салып қояды. Ғажайып сәтте Дымбілмес келіп, қай ойыншық кімдікі екенін таппай жүргенін айтып, балалардан көмек сұрайды. Балалар өз ойыншықтарын айтып, қуанышпен көріседі. Бірақ дымбілмес оны тек «It is my toy!» деп жауап берген балаға емес, оның қандай ойыншық екенін ағылшынша айтқандарға ғана қайтарып береді. Әр тақырыпқа орай ойындарды ойластыру, құрастыру, жандандыру педагогтың шығармашылық шабытына, еңбекқорлығына, ізденісіне байланысты.

Соңғы қатарға кіретін дидактикалық ойындарды өлең-ойындар деп атауға болады. Себебі оларды ойнау үшін әр ойынның өзіне арналған өлеңін жаттап алу керек. Мәселен, «Fishing» ойыны. Екі бала балықшы болады, қалғандары балықтар. Балықшылар орамалды екі жағынан көтере ұстап тұрады. Балықтар бірінің соңынан бірі аудың астынан өтеді. Барлығы қосылып мына өлеңді айтады:

Fish is tasty,
Fish is fat.
Fish is here
In my net.

Өлең аяқталғанда балықшылар ауды түсіріп қалады. Ұсталған балық балықшылардың бірін алмастырады.

Дәл осындай өлең-ойындарға «The Family» ойыны да жатады. Бұл – отбасы тақырыбын өткенде, сол сабақты қайталап, бекітуде қолдануға таптырмайтын ойын.

This is our mother,
This is our father,
This is our brother tall,
This is our sister,
This is our body,

Oh, how we love then all!

Ойын оқу қызметтерін қызықты етеді. Балалар сабаққа белсене қатысады әрі тақырыпты тез меңгереді. Сонымен қатар қайталаудан да жалықпайды. Бұл тәжірибеде қолданылып жүрген ойындардың бірқатары ғана, оларды қатарын көбейтуді әріптестеріме қалдырамын.



**Л. С. Есенова,**

**Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі психология пәнінің оқытушысы Орал қаласы**

# "ЖҰЛДЫЗЫМ МЕНІҢ ЖОҒАРЫ" ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГІ

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде «Жұлдызым менің жоғары!» тақырыбында тренинг сағаты ұйымдастырылды. Тренинг мақсаты: жақсы тілек, сенімнің қоршаған ортаға тигізетін әсерін ұғындыру арқылы, ішкі тыныштық құндылығын дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін оқушылардың ішкі сенімдерін дамыта отырып, ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа, сене білуге тәрбиелеу; тұлғаішілік қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру; өзіне деген сенімділігі қалыптастастыру міндеттері қойылды.

Жалпы тренинг термині ағылшынның «to train» – оқыту, жаттығу деген сөздерінен шыққан. Бұл оқытудың интерактивті әдістерін пайдалануды білдіреді. Тренинг кезінде оқушылар бір мезгілде ақпарат ала отырып, түсініксіз мәселелерді өзара талдайды, сұрақтар қояды, алған білімдерін бірден бекітеді, мінез-құлықтарын қалыптастырады.

## Тренинг формасына сипаттама

Тренинг-оқушылардың өзара қатынасы үшін әдейі ұйымдастырылған әдіс, оның негізгі мақсат – тренинг тобы мүшелерінің тұлғалық дамуы. Бұндай сабақтарда оқушы сыныптың толық сеніміне ие болады, өзі де айналасындағыларға сенуден қорықпайды. Тренинг сабақтары оқушыға өзін басқа достарымен салыстыруға, өзара байланыстың тиімді әдістерін тезірек игеруге мүмкіндік береді. Тренингтің өзегі қатысушылардың өзара сыйластығына, бір-біріне толық сеніміне, сұхбаттасын тыңдауға дайындағына және оның өз пікірін білдіруге құқтылығын мойындауына негізделген диалогта.

## Тренинг өткізуге қойылатын талаптар:

- Кең бөлме, орындықтар шеңбер бойынша қойылады (тренинг шеңбері), қатысушылар бір-біріне қарама-қарсы отырады;
- Тренингке қатысушылар 20-25 адамнан аспау керек;
- Тренинг барысында өзара сенім мен достастық атмосферасын тудыру және қолдау;
- Қатысушыларды мадақтап отыру және тренингке бәрінің түгел қатысуын қадағалау;
- Оқытушы-тренер басқаларының да пікірімен санасу қажеттігін есте сақтай отырып, аудиторияны сабақтың қойылған мақсатына жетуге бағыттап отырады;




- Оқытушы –тренер әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтап отыруы керек;
- Тренингтің бірінші сағатында «танысу» жаттығуы өтеді және «келісім» қабылданады (топтың жұмыс ережесі);
- Теориялық материалдар интерактивті жаттығулармен және сергіту сәттерімен ұштастырылып өткізілуі қажет;
- Кез келген тренинг сабағының алдында мақсат пен міндет оқылады, ал соңында қорытынды шығарылады.

## Барысы

Тренингтің бірінші ұйымдастыру бөлімінде қызығушылықты ояту көзделді.

«Жұлдыз» туралы ассоциация

І. Есенберлиннің: «Күн де көп жұлдыздың бірі, айырмасы: өзге жұлдыздар алыстан жарқырап құр жымыңдаса, күн бар әлемге өмір береді. Адам баласы да осы қалың жұлдыздар тәрізді. Бұлардың арасында да басқаға өмір беретін, жарық сәуле төгетіндер аз емес», – деген сөздерімен басталады.

- Қалай ойлайсыз, неліктен үлкендер «жұлдызың жоғары болсын!» дейді?

– Өз жұлдызыңыз қандай деп ойлайсыз?

- Адам жұлдызы жоғары болуы үшін не істеуі керек?

- Әр адамның бойында қандай қасиеттер болу керек?

- Біздің ұлттық мінезіміз қандай?

Ал «мағынаны тану» бөлімінде дәйек сөзбен жұмыс жүзеге асырылды.

Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» сөзінің мазмұнын талдау арқылы тақырыптың негізгі мазмұны ашылды.

Сұрақ-жауап арқылы диалогтық оқыту жүзеге асты:

Теңіз жағасын жағалап келе жатқан бір кісі бір нәрселерді жерден алып теңізге лақтырып жатқан бір баланы көреді. Жақындағанда оның толқынмен жағаға шығып қалған теңіз жұлдыздарын құтқармақ болып жатқанын байқайды. Ал көкжиекке дейін созылып жатқан жаға болса, теңіз жұлдыздарына толып-ақ қалған екен.

- Сен не істеп жатырсың? – деп сұрайды әлгі кісі.

- Бұлар ертең су қайтқанға дейін жағада қалып қойса, өліп қалады ғой, , –дейді бала таңырқап.

- Бұл ақымақтық қой! – дейді, қызбаланып әлгі адам, – карашы олар қаншама, жағада мың емес, миллионы жатыр. Бір өзің ештеңе өзгерте алмайсың, сенің осы жасап жатқан тірлігіңнің мәні бар ма?

Бала шамалы ойланып, келесі теңіз жұлдызын қолға алады да, теңізге қайтарып жатып:

- Дәл осы жұлдыздың тағдыры үшін жасағанымның мәні көп, – депті.



«Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыста» төмендегідей жаттығулар арқылы жалғасын тапты.

№1. Жаттығу: «Мен...»

Тренингке қатысушыға өзіне ұнаған түсті қағазды алып, өз жұлдызын жасау тапсырылады. Оған өзіне тән және өз есімінің алғашқы әрпінен басталатын 3 қасиетті жазу керек.

Рефлексия:

–Өз жұлдызыңыз туралы айтып беріңіз. Ол қайда тұр, аспанға жақын ба, алыс па? Сіздің жұлдызға Жер көріне ме, қасында басқа да жұлдыздар бар ма? Ол жерде сіздің жұлдызыңызға жақсы ма?

№2. Жаттығу: «Ұқсас жұлдызды тап»

Жүргізуші:

–Біздің әрқайсысымыз жұлдызбыз! Басқа да қатысушылардың жұлдызына қарап, өзіңіздің жұлдызыңызға ұқсас жұлдызды тауып алыңыз. Сол қатысушының қасына барып, қолыңызды ұсыныңыз. Жұп болыңыз. Егер сізге ұқсас жұлдызды басқа біреу таңдап алса, тағы да іздеп көріңіз.

Енді жұп болып, диалог құрыңыз:

- Сенің туған күнің қашан?
- Хоббиің қандай?
- Туған күніңде қандай сыйлық алғанды ұнатасың?
- Адамдардың қандай қасиетін бағалайсың?
- Сенің арманың?

Рефлексия:

– Жұбың туралы не білдің?

– Сіздің жеке қорытындыңыз...

№3. Жаттығу: «Өмір бағыттары»

Жүргізуші: Өмірде бір нәрсеге қол жеткізу үшін алдымызға мақсат қоюымыз керек.

Алдарыңызда әртүрлі бағытар тұр: тіке, дөңгелек, айқыш-ұйқыш, қисық. Сіздің өмірлік мақсатыңыз бен ағымыңызға сәйкес келетін суретті таңдаңыз. Егер ешбіреуі де сәйкес келмесе, өзіңіз суреттеуіңізге болады.

**Рефлексия:**

– Неге осы бағытты таңдадыңыз? Осы бағыт арқылы қайда тұрсыз? Сіз қазір не үйрендіңіз?

№4. Жаттығу: «Бұлдыр жол»

Жүргізуші: Жұлдыздар құлады. Бір нәрсе өзгере ме? Жоқ. Себебі олардың орнына жаңа жұлдыздар пайда болады. Әрбір құлаған жұлдыз өз тәжірибесін жаңа жұлдызға беру қажет. Ол тәжірибе қандай болуы мүмкін? Оның бойында қандай қасиеттер болуы шарт? Ал жаңа пайда болған жұлдыз осылардың барлығын жинап, өмірінде қолдануы керек.

**Рефлексия:**

– Осындай тәжірибені сіз қай жерде қолдана аласыз?

Тренингтің ой толғаныс бөлімінде «Тарих не дейді?» айдарымен ақпараттық түсінік берілді.

Жұлдыздар әлемі әр алуан. Шығыс халықтарында біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырдың өзінде-ақ алғашқы астрономиялық түсініктер пайда болыпты. Ежелгі Қытай мен Вавилонда негізгі уақыт бірлігінен басқа, Күн мен Ай тұтылуының қайталану периоды белгілі болған. Грекияда Жердің шар тәрізділігі туралы ілім қалыптасты.

Негізі ата-бабаларымыз бір күндік немесе бір маусымдық ауа райының, жолсапарда бағыт-бағдарын Ай мен Күннің, Үркер, Темірқазық сынды жұлдыздардың орналасуы, құбылуы арқылы бағамдап біліп отырған. «Қарашаның қайтуы, күннің тоқырауы, үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, қыс тоқсан, ай тоғамы» деген ұғымдарды пайдаланған. Қыста күн құлақтанса, ол қатты аяздың белгісі; жазда күн кенет ысып кетсе, көп ұзамай жаңбыр жауады; қыста кемпірқосақ туса, жыл берекелі, мал төлді, егін, шөп бітік шығады; шолпан жарқырап туса, егін, шөп, жеміс бітік бітеді; ай қораланса, жаз жаңбырлы, қыс қарлы, боранды, жазда жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады деп жорамалдар жасаған. Ал ең негізгі мәліметтер жұлдыз-жорамал арқылы туады. Оның қазіргі адамдар өміріндегі маңызы мен орны, жұлдыз жорамалға деген көзқарас, күннен күнге оң пікір тудырып, тіпті жұлдыз жорамалға сеніп, өмірлік серігіне қосылып немесе жұлдыз жорамал арқылы жолға шықпайтындар да кездесіп жатады.

Топпен «Көңілді күн» атты ән айту арқылы жағымды әсер қалыптасып, өзара сенім орнады.

## Көңілді күн

**Теріп едік жемісін сезім бақтың,**
**Сыйластықтың алауын өзің жақтың.**
**Сенің думан тойыңның әнін естіп,**
**Есігіңді шыдамай өзім қақтым.**

**Қ-сы:**
**Бүгін қандай тамаша**
**Көңілді күн 3-рет**
**Сені қуанышыңмен құттықтаймын**
**Бақытты бол, жан досым!**

**Бір тамаша отырдың өмірге еніп,**
**Жүзің бал бұл жадырап көңілденіп.**
**Есігіңнен мен кіріп келгенімде**
**Қуандың - ау балаша мені көріп.**

**Қ-сы:**
**Бүгін қандай тамаша**
**Көңілді күн 3-рет**
**Сені қуанышыңмен құттықтаймын**
**Бақытты бол, жан досым!**

Тренинг соңында рефлексия парағы толтырылып, студенттердің алған әсерлері анықталды. Басым көпшілігі өткен тренинг сағатын жоғары бағалап, өту формасына қызығушылық танытқандарын жазған. Осындай шаралардың көп болғанын қалайтынын атап көрсеткен.

| № | Рефлексия сұрағы | Қатысушы жауабы |
|---|---|---|
| 1. | Қандай әсер алдыңыз? | |
| 2. | Сіздің тарапыңыздан туындаған ұсыныстар: | |
| 3. | Пікіріңіз: | |

Бұл болашақ тәрбиешілермен жүргізілетін тренингтің бір түрі ғана, мамандарымыз майталман, жан дүниесі бай, өресі жоғары болса, болашағымыз жарқын болары сөзсіз, себебі болашақ – бүгінгі мамандардың қолында.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР




НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ





**Өмірбекова Б. Ө.**

**«Нұр Орда Шұғыл-3» балабақшасының тәрбиешісі Қызылорда қаласы**

# БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы білім саласының мақсатты оқу-тәрбие жұмыстарын айналып өтпеді. Бәріміз байқағандай, биылғы оқу жылындағы республикалық педагогтардың тамыз кеңесі де «Қазақстанның үшінші жаңғыруы – білімнің үлесі» деп аталды. Бұл да тегін емес, әрине. Себебі елді алға сүйрейтін де, өзге елдермен терезесін тең, керегесін кең ететін де – бүгінгі балалар.

Сана жаңғырмайынша, ой, ой жаңғырмайынша, өмір қатқан қалпынан өзгермейтінін меңзеп, әңгімені әріден, мәселені тереңнен тартқан Елбасы осы мақаласында: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту»,– дейді. Ал осы ұлт көшбасшысы айтып өткен ұлттық сананы кемелдетудің екі қырын бір мақсатқа біріктіріп, ұрпақ санасына сіңіру – бала тәрбиесінде жүрген әрбіріміздің міндетіміз.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті екенін, пайдасы мен тиімділігі туралы әрдайым айтып келеміз, ал қазақтың ұлттық ойындарын қаншалықты қолданып жүрміз? Сол ұлтымыздың рухани жаңғыруын көздеп отырған президетіміз де, еліміздің дамуына үлес қосқан ел ағалары да, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аяулы аналарымыз да дала тәрбиесімен ер жетті, қалыптасты. Ал оқу-тәрбие ісінде ұлттық ойындардың аясын кеңейту, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту арқылы жаңалыққа ұлмтылу өзіміздің қолымызда. Мәселен, біз басшылыққа алып жұмыс істеп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы бес білім беру саласын қамтиды: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет». Қазағымыздың ұлттық ойындарын жоғарыда аталған бес білім беру саласының барлығында пайдалануға болады. Әрине, ол әр педагогтың шығармашылық, сонымен қатар кәсіби ізденісінде. Осы тұста өз тәжірибеммен бөлісе кеткенді жөн көрдім.



«Денсаулық» білім беру саласы – бәрінен бірінші болып тұрған сала. Себебі Үлгілік оқу бағдарламасының негізге алып әзірленген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында айқын көрсетілгендей, бала өмірі мен денсаулығы сақтау – басты міндет. Ал қазақтың ұлттық ойындары – бала денсаулығын жақсартудың қайнар көзі. Мысалы, «Арқан тарту», «Ақсерек-көксерек», «Қыз қуу», «Аударыспақ», «Теңге ілу», «Қамалды қорғау», т.б., тізе берсек, өте көп.

«Атқабыл» ойынының өзі не тұрады. Ойынға екі-екіден қатынасады да, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын не топайын (сиыр асығын «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе топайымен оны атады. Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын не топайын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, ана ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.

Осының бәрі балалардың денсаулығын нығайтып, салауатты өмір салтын сақтауға, шапшаңдыққа, ептілікке, дәлдікке, мергендікке баулиды. Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде міндетті түрде қимылды ойын ойнатылады. Сол тұста қазақтың ұлттық ойындарын пайдаланса, қолданса, қандай жақсы. Сонымен бірге, балаларға 2-3 минуттың ішінде әрбір ойын туралы аз-кем қызықты ақпарат беріп кеткен дұрыс. Сонда ұлттық құндылықтар туралы білім-таным қалыптасады.

«Коммуникация» білім беру саласы – балабақшаның бала тілін қалыптастыру мен дамытудың бірден-бір ортасы екенінің дәлелі. Баланың тілі 7 жасқа дейін қалай қалыптасты, солай кетеді, сол деңгейде жетіледі. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында қызмет етіп жүрген әрбір маман осы бағытта жұмыстануы керек. Ал тіл дамытуды мақсат еткен білім беру саласында ұлттық ойындарды қалай қолданады? Бұл сұрақ осы мақала барысын мұқият оқып келе жатқан әр оқырманның, әсіресе әріптестің көңілінде тұрғаны анық.

Қазақта «Көрші» деп аталатын ойын бар. Оны үлкен бөлмеде, көгалды таза ауада өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір адам ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, «Көршіңмен татусың ба?» – деп сұрайды. Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы адам оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан ілгерідегідей «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді. Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған серігін жібергісі келмеді онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол әңгімеден, поэмадан, жырдан үзінді айтып береді. Осылай етіп, ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды. Ойын осылайша созыла береді.

Міне, осы ойынды оңайлатып, жеңілген балаға сөйлеуді дамыту, драма, көркем әдебиет ұйымдастырылған оқу қызметтерінен жаттаған, оқыған тақпақ, өлең, ертегі, жаңылтпаш, әңгімелерін айтып беруіне болады. Осы тектес ойындар жетерлік: «Үйімнің үстіндегі кім?», «Орамал тастамақ», «Кім жылдам?», «Ошақ», т.б.

«Таным» білім беру саласы – ең маңызды бөлімдердің бірі, өмірді, әлемді, қоршаған ортаны тану осы білім беру саласының оқу қызметтерінен бастау алады. Оқырмандар арасында ата-аналар болса, өзге де сала иелері болса, түсіндіре кетейін, ғылымдардың патшасы – математиканың қарапайым баспалдағы осы білім беру саласында екенінен-ақ маңызын біле беруге болады. Әлемдік жаратылысты танумен қатар, болашақ роботтарды құрастыратын нонотехнологияның алғашқы аяқалысы да осы білім беру саласында. Сәбилер тобында жүргізілетін сенсорика оқу қызмет бар. Ол балалардың сезімін, логикалық қабылдауын, әр түрлі заттардың дыбысын, түр-түсіне, көлеміне қарай ажырату қабілетін дамытуды көздейді. Әдетте «Соқыр теке» ойынын серуен немесе таңертеңгілік қабылдау кезінде қолданады, алайда осы ойынның сенсорлық





қабілеттерді дамытуға тигізетін әсері мол. Мәселен, бұл ойында көзі жұмулы балаға ептілігінен, шапшаңдығынан бұрын сезім мүшелері, дәлірек айтсақ, құлағы, жанынан жанап өткенде белгі беретін тері сезім мүшесі, зейіні, қабылдауы көмектеседі. Егер оның қабылдауы дұрыс, зейіні тұрақты, есте сақтау қабілеті жақсы болса, ұстап алған досының дауысынан-ақ танып, айтып береді. Сондықтан осы ойынды «Таным» білім беру саласының оқу қызметтерінде 3-4 минуттық сергіту сәтінің орнына қолдануға әбден болады.

Сонымен қатар, «Тымақ ұру» деп аталатын ұлттық ойын бар. Бұл ұлттық ойын жазық кең аланда ойналады. Ойынға қатысушылар екі жарым метрдей таяқты жерге қадайды да, оның басына тымақ, не малақайды іліп қояды.Ортаға бір ойыншы шығады. Оған таяқтың басында ілулі тұрған тымақты (не малақайды) көрсетеді де, орамалмен көзін көрмейтіндей етіп мықтап байлайды. Сонан соң оны атқа мінгізіп, қолына қамшы ұстатады да, бірер айналдырып басына тымақ ілінген таяққа қаратып қоя береді. Көзі байланған салт атты қолындағы қамшысымен тымақты ұрып жерге түсіруі тиіс. Бірақ тымақ ілінген таяқтың биіктігі салт аттының қолының деңгейінен аспауы керек. Ойын кезектесіп жүргізіле береді. Тымақты ұрып түсіре алмағандар тақпақ, өлең, жыр айтып, тапсырма орындайды.

Міне, дәл осы ойынды ойын бөлмесінде, балалардың бойына сәйкес биіктікке сай, талаптарын өзгерте отырып ойнаса, балалардың танымы, сенсорикалық әрекеттері қалыптаса түседі. Тапсырманың орнына есеп, логикалық, ауызша тапсырмалар берсе, балалардың қызығушылығы артады.

Осындай ойындардың қатарына «Кім шертті?», «Жасырынбақ», «Жапалақтар мен қарлығаштар», «Бес тас», «Шертпек»,т.б. кіреді.

«Шығармашылық» білім беру саласы – болашақ талантты жастарды, дарбоздарды тәрбиелеуді мақсат еткен ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жиынтығы. Бұл білім беру саласына көп ойынды кіріктіруге болады. Себебі шығармашылық дегеннің өзі еркіндік дегенді білдіреді. Мәселен, ән-әуез оқу қызметінде «Алтыбақан» құрса, қандай көңілді! Әрине, ағаштарын орналастыру қиынға соғуы мүмкін, бірақ оны да балаларға лайықтап жасауға болады. Сонда балаларға бағдарламадағы әндерді жаттатқызып, қайталату қызықты әрі еш қиындықсыз жүзеге асары сөзсіз. Қазақта ұлттық ойындардың («Жылдырт-жылдырт», «Күзем алу», «Түйілген шыт», «Сиқырлы таяқ», т.б.) көбі көңілді, тапқыр, салтанатты келеді, байқасақ барлық ойында жеңілген ойыншы өнерімен айып төлейді. Демек, осындай ойындардың әрбірін ұйымдастырылған оқу қызметтерінде 3-4 минут бөлетін сергіту сәттерінің, кейде үнемі жүзеге аса бермейтін ғажайып сәттерінің орнына қолданған пайдалы. Әр оқу қызметінің мазмұнына қарай тәрбиеші тапсырманы да түрлендіріп отыруы керек, мысалы: сурет оқу қызметінде бояулар туралы тақпақ, хореографияда толқынды бинелеуді, ән-әуезде аспапта ойнауды тапсыру.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы – балалардың қоғамдық ортаға бейімдейтін, қоршаған орта туралы алғашқы білімдерін қалыптастыратын, жағымды мінез-құлықты бойына сіңіретін оқу қызметтерін топтастырған бөлім. Сондықтан ұжым боп ойналатын қазақтың ұлттық ойындарының әрқайсысы осы білім беру саласының міндеттерін атқаруға күш сала алады. «Ханталапай», «Жапалақтар мен қарлығаштар», «Бөрік жасырмақ», «Тұтқын алу», «Қарт-құрт», «Дүмпілдек», т.б.

«Қындық-сандық» – ұлттық ойын. Оны осы білім беру саласындағы білім-білік дағдыларын бекіту мақсатында бос уақытта ойнатуға болады. Ойын далада, көгалды жерде, спорт залда өтеді. Қатысушылар тең екі топқа бөлінеді. Әр топта ойынның дұрыс өтуін бақылайтын өз бастықтары тағайындалады. (Міне, осыған оқуқызметтеріне белсене қатысып, жоғары бағалауға ие болған, тәртіпті балаларды үлгі етіп қойса, келесіде өзгелері де тырысады.)

Ортаға екі топтан бір-бір ойыншы шақырылады. Олар бір-біріне арқаларын беріп тұрады да, бір-бірін қолдарының қырымен айқастыра ұстасады. Ойын жүргізушінің берген белгісімен олар бірін-бірі арқалап жерден көтеріп әкетуге тырысады. Олай істеу оп-оңай емес, ойын жүргізуші белгі бергенде, олар тізелерін бүгіп жартылай отырған қалыпқа түседі. Қайсысы көтеріп әкетсе, жеңіске сол жетеді. Көбірек жеңіске жеткен топ жеңімпаз атанады. Ойын қайталанып ойналады.

Ойын балаларды шыңықтырады, айла-амал қолдана білуге, серіктесімен жұмыс істеуге, өз күшін тиімді пайдалануға, өмірде де жеңілмеуге үйретеді.

Ойындардың барлығы педагогтар, әріптестер үшін топтастырылды, осылайша қазақтың ұлттық ойындарын барлық білім беру салаларында қамтуға болатынына көз жеткіздік. Ал оны іс жүзінде ақиқатқа айналдыру ұрпақ тәрбиесімен айналысып жүрген жандардың кәсібилігіне, жауапкершілігіне, ізденісіне байланысты.

Біз – болашақты жасаушымыз.

АТА-АНА УАҚЫТЫ




ВРЕМЯ РОДИТЕЛЕЙ

# БАЛА ТІЛІН ҚАЛАЙ ДАМЫТАМЫЗ?

**Альмара Зиманова,**
**ата-ана**
**Атырау облысы**
**Исатай ауданы**
**Тұщықұдық ауылы**

Тіл арқылы адамзат тілдесудің үлкен мүмкіндіктеріне қол жеткізеді, қарым-қатынасын біріктіреді және көзқарастарын қалыптастырады. Дүниенің қыр-сырын танып білуге жол ашады. Сондықтан, тілдің дамуына, әсіресе мектеп жасына дейінгі бала тілінің дұрыс қалыптасуына ерте бастан ерекше мән берген жөн. Бірақ, біздер ата-аналар көп жағдайда баламен күнделікті қарым-қатынаста ғана сөйлесеміз де, бала тілін отбасы жағдайында дамыту әдіс-тәсілдерін білмей жатамыз. Бұл тұрғыда балабақша тәрбиешілерінің ата-анамен жұмысты ұйымдастыру шараларының маңызы өте зор екеніне куә болып жүрген ата-ананың бірімін.

Осы орайда, «Дана бала» журналы арқылы ата-аналарға бала тілін дамытуға көмегін тигізер деген ниетпен«Құлыншақ» бөбекжай-балабақшасында жоғары санатты тәрбиеші Есенгенжина Ғалия Рахметоллақызының І-ші кіші «Күншуақ» тобы ата-аналарымен өткізген «Қазіргі заманға сай бала тілінің дамуы» тақырыбындағы іскерлік ойынның жүргізілу барысын ұсынып отырмын.

Бұл шараның мақсаты: Отбасы – бұл әдеп пен өнер кілті. Қазіргі ата-аналардың алдында үндескен тілдік қарым-қатынас компоненті ретінде байланыстыра сөйлеуді толық қалыптастыруға жағдай жасау міндеті тұр. Мұнда мектепке дейінгі жастағы балалардың байланыстыра сөйлеуін дамытуға ата-аналардың қатысуы маңызды.

Шараның жүру барысы: Ата-аналар екі түсті гүлдерді таңдау арқылы екі топқа бөлінді. Іскерлік ойын бірнеше бөлімнен құрылған. Әр түрлі түстегібалалардың сүйікті «Киндер сюрприз» ойыншықтарына жасырылған тапсырмаларды орындау. Осы тапсырмаларды орындау арқылы ата-аналар балаларымыздың түсті, ертегіні, өз жас шамаларына қарай жаңылтпаштар айту арқылы тілінің, ойлау, есте сақтау т.б. қабілеттерінің дамитынын білдік. Алғашқы психогимнастика «Күншуақ» деп аталды, яғни, ата-аналарды бірлікке, ұйымшылдыққа, татулыққа жұмылдыру мақсаты көзделген.

«Күншуақ» тренингі

1. «Аяқта» (көк киндер) бөлімінде ата-аналар өз топтарына берілген жаңылтпаштарды өз ойлары бойынша аяқтайды. Басты талап баланың тілін дамытуды мақсат ету керек.





Мысалы:

Ық-ық . . . . . . . .. .    Щы-щы . . . . . . . . .

Ян- ян . . . . . . . .. ..    Ті-ті . . . . . . . .

Ап – ап . . . . . .. .    Ар-ар . .

2. «Суретке қарап әңгіме құрастыр» (сары киндер) бөлімінде екі топқа слайд арқылы сурет беріп, 2-3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрату. Баланы анық, таза сөйлеуге тәрбиелеу.
3. «Тақпақ айтып беру» (ақ киндер) бөлімінде осыған дейінгі балалардың өткен тақпақтарын мәнерлеп, анық айтып беру.
4. «Қандай түс?» (жасыл киндер) бөлімінде ақ қағазға екі түстен жапсырылған , сол түстерге нелерді жатқызуға болатынын өз түсына жазу. Балалардың түсті танып, білуі.
Мысалы:сары түске – банан, күн, жапырақ, алма т.б. Көк түске – ту, бұлт, су т.б. Қызыл түске – алма, гүл, қызанақ т.б. Жасыл түске – қияр, қарбыз, жапырақ, т.б.
5. «Балаңызбен қалай ойнар едіңіз?» (қызыл киндер) бөлімісурет бойынша «Шалқан», «Бауырсақ» ертегілерінің атауын тауып, сахналап көрсету, әдеби шығармаларды әңгімелеп айту, балалардың дербес шығармалары тілдің бейнелігі мен мәнерлілігін дамыту, балалардың көркем-сөйлеу тәжірибесін байыту, балаларының ертегі кейіпкерлерін атау арқылы тілін дамытуға бағытталды.
Қорыта келгенде, Ғалия Рахметоллақызының ұйымдастырып, өткізген іскерлік ойыны арқылы біз – ата-аналар 3 жастағы баланың не білу керектігін, тілін, ойын қалай дамытатынымызды білдік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, отбасындағы ата-ана бірлессе, тәрбие мақсатты жүргізілсе, онда халқын, халқының дәстүрін сақтайтын, өз құндылықтарын құрметтейтін тұлға қалыптастыруға болады. Өмірдегі небір сырлы сезімдер ата-ананың балаға деген мейірім махаббатынан тараған. Сол ата-ананың өзі еккен махаббаты қартайғанша тозбаса, онда ата-ана өткен өміріне өкінбей, еңбегінің жанғанына риза болады. Ғалия Рахметоллақызының осы шарасы Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтары арасында өткізілген «Ұстаз салтанаты» қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет байқауында«Ата-анамен жұмыс» номинациясы бойынша «Бас жүлдеге» ие болғанын естідім. Ғалия Рахметоллақызының алдағы жұмыстарына да жеміс, шығармашылық табыстар тілеп, егеменді еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеуде талмай еңбек ете беріңіз дегім келеді.



# ТОК-ШОУ «АНА МЕН БАЛА»



## РЦДД-информация

В соответствии с Планом работы на 2017 год Республиканского центра «Дошкольное детство» в сентябре текущего года в регионах было проведено ток-шоу «Ана мен бала».

Согласно Положению, целью проведения ток-шоу является развитие и сотрудничество дошкольной организации и родителей в обеспечении досуга и проведении культурных мероприятий для детей дошкольного возраста.

Для проведения ток-шоу были рекомендованы следующие примерные темы:

**«Хочу в садик…»;**
**«Откуда берутся умные дети?…»;**
**«Мой ребенок в моем сердце»;**
**«Талантливые дети – счастье родителей» и др.**

В ток-шоу приняли участие педагоги, родители и специалисты дошкольных организаций (логопеды, психологи, инструкторы по физическому воспитанию, преподаватели казахского языка, музыкальные руководителей, старшие медсестры и др.). В ходе ток-шоу педагогами для обсуждения были предложены вопросы, касающиеся актуальных проблем в воспитании и обучении детей дошкольного возраста, а также различные проблемные педагогические ситуации. Педагоги использовали разнообразные методы работы с родителями: тренинги, беседы, консультации, видеоматериалы, презентации и др.

По данным областных управлений образования и г.Алматы в ток-шоу приняло участие 232 дошкольных организаций и 120 классов предшкольной подготовки общеобразовательных школ.

Наиболее активное участие приняли дошкольные организации Северо-Казахстанской области (165 дошкольных организаций образования и 120 классов предшкольной подготовки общеобразовательных школ).

Анализ видеоматериалов, представленных регионами, показал активное участие в проведении ток-шоу следующих дошкольных организаций:

- по теме: «Откуда берутся умные дети?…» ясли-сад №12 «Ажар» города Семей Восточно-Казахстанской области; детский сад №62 города Усть Каменогорск Восточно-Казахстанской области; ресурсный центр №21 «Кішкентай данышпандар» города Екибастуз Павлодарской области; ясли-сад «Ақбота» Мамлютского района Северо-Казахстанской области; ясли-сад «Айгөлек» села Талшык Акжарского района Северо-Казахстанской области;
- по теме «Талантливые дети – счастье родителей» ясли-сад «Қызғалдақ» Чингирлауского района Западно-Казахстанской области; ясли-сад № 61 города Костанай Костанайской области; ясли-сад №46 «Балбұлақ» города Актау Мангыстауской области и т.д.

Результатом проведения ток-шоу явилось создание диалоговой площадки между педагогами и родителями и получение рекомендаций в проблемных вопросах для дальнейшего сотрудничества и работы с родителями. Ток-шоу «Ана мен бала» стимулировало педагогов на поиски новых творческих идей.



ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ



ЛУЧШИЙ ОПЫТ





**Бұлжанов О. Р.**
**Күршім ауылы балабақшасының музыка жетекшісі**
**ШҚО Күрішім ауданы**
**Күрішім ауылы**

## ӨНЕР – КҮРЕТАМЫР

Өнер – кез келген саланың, мейлі қоғамдық, мейлі әлеуметтік, мейлі білім беру саласы болсын, барлығының басын қосатын асыл діңгек. Себебі ол – құндылық, адам бойындағы алғашқы сезім, эстетикалық тәрбие де осы құндылықпен келеді. Оның бір дәлелі – бесіктегі сәбиін тербеген аналарымыздың бесік жыры. Міне, өнер – ең алдымен тәрбие.

Қазақта «Баланы – жастан» демекші, бала тәрбиесімен айналысатын алғашқы қоғамдық орын – балабақша. Аяғы шығып, еңбегі қатып, тілі шыққан ойын баласын дәстүрлі, қызықты ойындармен қызықтырып, саналы ұғым беруге болады. Мәселен, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген, баланың ең үлкен байлығы – жанұясы,ол әрине бірінші орында тұрады. Баланың дұрыс өсуі, ой-өрісінің қалыптасуы оның жанұялық тұрмыс-тіршілігіне, ондағы тәрбиесіне байланысты. Отбасы тәрбиесінен кейін бала санасына жастайынан орнықтыратын алғашқы тәлім-тәрбие баспалдағы - балабақша.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Жолдауында өзекті мәселелердің біріетіп,балаларды шығармашыл, жеке тұлға етіп қалыптастыру, тәрбиелеу қажеттілігі айтылған. Мұндағы негізгі міндет – сана-сезімі ұлттық психология негізінде қалыптасқан, қазақ халқының дәстүрін меңгерген, дені сау, ақылды, парасатты, елжанды азамат тәрбиелеу.

«Бүлдіршіндердің музыкалық қабілеттерін арттыру» атты проблемалық тақырыбы бойынша еңбек ете отырып, әр топқа арналған бағдарлама бойынша сабақ жүргіземін. Ол төмендегі бағыттарды қамтиды:




Мектеп жасына дейінгі тәрбиеде ән сабағының алатын орны ерекше. Жас бүлдіршіндердің қиялын кеңейтіп, сана-сезімін оятуда, ой-өрісін, эстетикалық талғамын өсіруде, көтеріңкі көңіл-күймен білімге, оқуға деген қызығушылықтарын арттыратын оқу қызметі.

Сабақтың бірінші кезеңінде өлең айту үшін дауысты қалпына келтіру әдісімен балаларды ән айтуға дайындаймын. Жаңа ән үйрету үшін әуелі өзім сырнаймен сүйемелдей отырып айтып беремін. Сонан соң DVD және көрнекіліктер арқылы балаларға түсінікті болу үшін өлең мәтінінің мазмұнымен таныстырамын. Мысалы: «Күз» әнін үйрету үшін DVD-дан сарғайған күз мезгілін көрсетіп, саяжайдағы піскен жеміс-жидектерді жинау мезгілі екендігін түсіндіріп, далада жапырақтардың сарғайып түсіп жатқанын айта келе, күз мезгілі бейнеленген көрнекі суреттерді көрсетемін. Кіші топтың балаларына өлеңнің алғашқы екі жолын, үлкен топтың балаларына бір шумағын әуелі музыкасыз,сонан соң балалар тез жаттау үшін сырнай аспабының сүйемелдеуімен жаттатамын. Балабақша балаларын үш тілде үйрету саясаты бойынша тақырыпты қазақша, орысша, ағылшынша атап өтемін. Мысалы: қазақша –«Күз», орысша –«Осень» ағылшынша – Autumn (Отэм). Балалардың оқу қызметіне қызығушылығын арттыру үшін музыкалық дидактикалық ойындар («Жапырақ жинау», «Эстафета», «Көпір», «Күн мен түн», «Жүзікті табу», «Гель шарымен көкпар», «Бәйге», «Әуенді тап», «Қыс қызықтары, «Ұшақ», «Құстар», т.б. ойыны.) ойнатылады. Педагог қай баланың қандай қабілеті бар екендігін психологиялық түрде зерттей келе, оларды сол бағытта дамытып, үнемі мақтап-мадақтап, сабаққа ынталандырып отыру керек.

Бұрын балабақшалар көбінесе орысша болғандықтан балалардың жас ерекшеліктеріне сай қазақша әндер жоқтың қасы. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында үлкен топқа бөлек, кіші топқа бөлек арнайы «Күз» тақырыбында сөзі музыкасымен ән шығардым. Бүгінге дейін өтетін ашық сабақтардың тақырыптарына лайықтап, әртүрлі мерекелік ертеңгіліктерде бүлдіршіндерге арнап барлығы 38 ән дайындадым. Соның үшеуін орысшадан аударып, он екісіне ән шығарып, әр топтағы балаларға үйретіп келеміз. Мысалы: «Балабақша әрұраны», «Қош болыңыз, Аяз ата!», «Жеңіс күн», «Бағдаршам», «Жол тәртібі», «Шымыр болып өсеміз». Өлеңмен қатар балаларға арнап жаңылтпаш, мақал-мәтелдердер де шығарып жүрмін.

«Ән жас азаматтардың ішкі жан дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» деп Ахмет Жұбанов айтқандай, балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында, әр түрлі мерекелік шараларда көптеп пайдаланылатын әндердің, мерекелік бағдараламалардың (сценарий) тапшылығын көрген соң, «Атаның сөзі-ақылдың көзі», «Күз ханшайымы», «Бар жақсылық балаларға» атты қайырымдылық акциясы, «Балдырған» ансамблі, «Көктем гүлі», «Бала сұлтаны» сайысы сынды шараларға,балабақшада өтетін үлкен ертеңгіліктерге арнап бағдарламалар жазуды қолға алдым.

«Күз ханшайымы», «Көктем гүлі», «Бала сұлтаны», «Бүлдіршін ару»сайыстары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға және сахнада өздерін ұстай білуді балабақшадан бастап үйренуге жетелейді.

«Бала сұлтаны» сайысында «Күш сынасу бөлімі» қызықты өту үшін қазақша күрес қойдық, ал «Қол өнер» сайысына келгенде балаларға төрт таспалы қамшы өруден жарысты, бұл – балаларға алдын ала төрт таспалы қамшы өруді үйретудің нәтижесі.

«Менің балабақшам», «Дені саудың – жаны сау», «Жеңіс күн», «Опера театрына саяхат», «Мақал сөздің ажарын келтіреді», «Жол тәртібі» тақырыптардағы ашық сабақтар баланың еркін сөйлеуіне, ән айтуға, сабырлыққа тәрбиелейді. «Мақал сөздің ажарын келтіреді» тақырыбындағы ашық сабақта 50 балаға (екі топ) бірдей мақал-мәтелден жаттатып, мақалды жалғастыру, мақалдарды талдау, жаңылтпаштар қайталаудан жарысу бойынша сынға түсті. Соңында екі топ бір-біріне өнерлерін көрсетті. Бұл сабақтың мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қаблетін күшейту, өжеттікке, шешендікке тәрбиелеу.

«Опера театрына саяхат» сабағында балалар опера жайында түсінік алғаннан кейін автобусқа отырып, опера театрына, опера әнін тыңдауға барады. Жолда кәрі әжей автобусты тоқтатады, балалар әжейге орын береді, автобустың ішінде әже балаларға «Кімсіңдер?», «Қайдан келесіңдер?», «Қайда барасыңдар?», «Тақпақ, өлең білесіңдер ме?» секілді сұрақтар қояды. Балалар әжнің бұйымтайын орындайды. Автобустан түскеннен соң балалар кассадан билет алып, опера театрына кіреді. Әлібек Дінішевтің әнін тыңдап (алдынала әзірленген бейнефильм), тамашалайды. Балалар домбырамен, сырнаймен қосылып айтқан әндермен опера әнін салыстырмалы түрде қарап, операға арналған әндердің айырмашылығын ажыратып,түсінеді. Бұл сабақ балаларды өнерге, әдептілікке, үлкенді сыйлауға тәрбиелеуді мақсат етеді.

Балабақшада «Жол жүру ережесін білесің бе»атты КТК (Көңілді тапқырлар кеші) өтті. Әрине, бұл тақырып балабақша бүлдіршіндеріне бүгінгі күні өте өзекті болып отыр. Оларды шаршатпай, жалықтырмай, ән, ойын және логикалық тапқырлық арқылы жол жүру ережесін меңгерту көзделді. Осы кешке арнап сұрақ-жауап арқылы әуезбен айтуға болатын «Жол тәртібі» атты ән жаздым. Бұл өлеңнің орындалу тәртібі екі топ бір-біріне жол белгілерін көрсетіп, әнмен сұрақ қойса, келесі топ та оған әнмен жауап береді. Мысалы: Бірінші топ, екі бала қол ұстасып жүгіріп бара жатқан (Абайла, балалар!) деген жол белгісін алып қарсылас топқа біреуі шығып көрсетіп:



Балалар, мынау тұрған
Қандай белгі?
Суреті балалардың,
Көрінеді? – десе, келесі топ:
Жауап бердік сауалға,
«Абайла, балалар!» зауалдан.
Бұдан соң өлеңді келесі топтың бір баласы бастап (автобустың суреті бар) «Аялдама» деген белгіні көрсетіп:

Балалар, мынау тұрған,
Қандай белгі?
Суреті автобустың
Көрінеді? – дегенде, келесі топ:
Жауап бердік сұраққа,
Аялдама тұр алда.

Осылай бірнеше белгілерді көрсетіп, балалар сұрақ-жауап ретінде «Жол тәртібі» әнін орындайды. Кештің соңында екі топ бағдарлама(сценарий)бойынша «Жол жүру ережесі» тақырыбында екі өлең айту керек. Бірінші топ бұдан бұрынырақ шыққан «Бағдаршам» деген өлеңімді айтса, екінші топқа арнап «Жүргізуші» деген өлең шығардым. Сөйтіп, балалар «Көңілді тапқырлар кешінде» ойындар ойнап, жол үстінде болатын оқиғалар жайында көрністер көрсетіп, кеш соңында екі топ екі түрлі өлең айтып, кешті көңілді аяқтады. Сонымен қатар, бүлдіршіндерге арнап әр мереке сайын айтыс ұйымдастырып отыру біздің Күршім балабақшасының салт-дәстүріне айналды. Ол балалардың тілін дамытуға, ойын жинақтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге көп әсерін тигізіп, нәтижесін беріп жатыр. Сәнімен тігілген қазақтың ұлттық киімін киіп, қолдарына домбыра ұстап, бала тілімен айтысып отырғаны – қызықты да тартымды көрініс (әрине сөзі қысқа буынмен жазылып алдын-ала әзірленіп беріледі).

«Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуіміз керек» деп ел Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай, рухы күшті, жан дүниесі бай, білімді ұрпақ қалыптастыру – білім беру мен тәрбиелеу саласындағы әрбір маманның кәсіби әрі қасиетті парызы.





**Масас А. Р.,**
**Учитель-логопед**

# РОЛЬ РЕЧЕВЫХ ИГР ПРИ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ В ДЕТСКОМ САДУ

*Родное слово является основой всякого умственного развития и сокровищницей всех знаний. Поэтому так важно заботиться о своевременном развитии речи детей, уделять внимание её чистоте и правильности.*
К. Д. Ушинский

Изменения речевой активности детей при поступлении в дошкольные образовательные учреждения относятся к параметрам оценки социальной адаптации воспитанников. В этот период особое значение имеют индивидуальные особенности детей в сфере общения и их речевые умения и навыки. Есть дети, которые уверенно и с достоинством вступают в новое для них окружение детского сада: они обращаются к воспитателю, к помощнику воспитателя, чтобы узнать о чем-нибудь, обратить внимание взрослого на свою одежду, «достижения» в игре и т. д., спокойно отдают игрушку или берут игрушку, протянутую другим ребенком. Другие дети сторонятся чужих взрослых, стесняются, опускают глаза. Есть и такие дети, которых общение с воспитателями пугает. Такой ребенок старается уединится, отворачивается лицом к стене, чтобы только не видеть незнакомых людей, с которыми он не умеет вступать в контакт.По присущим детям различиям в поведении и потребности в общении в период социальной адаптации можно условно выделить три группы:

Первая группа — это дети, у которых преобладает потребность в общении с близкими взрослыми, в ожидании только от них внимания, ласки, доброты, сведений об окружающем.

Вторая группа — это дети, у которых уже сформировалась потребность в общении не только с близкими, но и с другими взрослыми, в совместных с ними действиях и получении от них сведений об окружающем.

Третья группа — это дети, испытывающие потребность в активных самостоятельных действиях и в общении с взрослыми. Речевая активность такого ребенка является



выражением повышенного стремления к разговору, активизации внимания, преобладания положительного эмоционального тонуса, повышенного интереса к окружающей среде — повышенной умственной активности. В процессе адаптации детей к ДОУ и при переходе ребенка из одной среды в другую происходят неблагоприятные для его развития изменения в поведении, психике и речи. Доказано, что в первую неделю посещения как ясельной, так и младшей группы детского сада проявление речевой и игровой активности у детей резко снижается (в среднем, на 75%).

Согласно данным исследования, в период адаптации происходит изменение содержания потребности в общении. Оно проходит в 3 этапа:

- Потребность в общении с близкими взрослыми как потребность в получении от них ласки, внимания и сведений об окружающем.
- Потребность в общении с взрослым как потребность в сотрудничестве и получении новых сведений об окружающем.
- Потребность в общении с взрослым на познавательные темы и в активных познавательных действиях.

Современными исследователями установлено, что в период адаптации задерживается пополнение активного словаря детей новыми словами. Лишь к концу первого месяца адаптации дети начинают использовать, в среднем, 10-15 новых слов: в ясельной группе словарь детей ежемесячно пополняется 20-23 словами; в группе детского сада новые слова в словаре детей встречаются в отдельных случаях. С повышением речевой активности детей возрастает и их психическая активность. Под влиянием речи перестраиваются психические процессы ребенка — его восприятие, мышление, память. Однако процесс овладения речью, в свою очередь, зависит от развития деятельности ребенка, от его восприятия и мышления. На начальных ступенях овладения речью значение, которое ребенок вкладывает в слышимые и произносимые им слова, существенно отличается от значения, которое эти же слова имеют для взрослого. На протяжении раннего детства происходит изменение значений слов, что является одной из важнейших сторон умственного развития ребенка.

Согласно взглядам Л. С. Выготского, «перекрест» в развитии речи и мышления, языковой и интеллектуальной способностей ребенка, осуществляется до 2-3 лет. Условием развития познавательной активности в данный период выступает общение ребенка со взрослым партнером.

Социальная среда и роль взрослого в развитии речевой активности ребенка — важные факторы социального и общего развития ребенка в раннем детстве и младшем.

Поэтому в период адаптации воспитанников к ДО особые требования предъявляются к речи воспитателя и его умению моделировать педагогические ситуации, позволяющие решать задачи стимуляции речевой активности, формирования речевых умений и навыков воспитанников. Совокупность развитых у ребенка речевых умений и навыков, позволяющих ему понимать и строить новые высказывания в соответствии с коммуникативной ситуацией и законами родного языка, исследователи называются языковой способностью.

Решение задач стимуляции речевой активности и развития языковой способности детей в процессе их адаптации к ДО предполагает:

1.Развитие способности подражать речевым и предметным действиям взрослого, соотносить их и конструировать новые по усвоенным моделям.

2. Развитие у детей понимания речи окружающих и накопление речевых средств, постепенное увеличение словарного запаса, уточнение и развитие значений слов, различение грамматических форм.

Эти задачи тесно связаны друг с другом. При этом пассивная речь опережает развитие активной речи, ведет за собой ее развитие. Первым этапом развития речи в процессе адаптации детей к условиям ДО является использование воспитателем и логопедом приема, оречевых действий на протяжении всего воспитательного процесса: одевания, раздевания, умывания, кормления и т. д. При этом речь воспитателя не должна быть стереотипной. Так, фразу «Пошли мыть руки» можно заменять на «Вымоем руки», «Сейчас мы пойдем мыть руки», «Пойдемте мыть руки», «Пора помыть руки» и т. д. В этом случае речь становится средством активизации речевой деятельности детей и организации их собственного поведения. При этом речь воспитателя по своей форме и значению может, как ограничивать действия детей («Нельзя»), так и побуждать к действиям, совмещаться с действиями и завершать их («Будем одеваться» — «Одеваемся» — «Оделись»). Адекватное выполнение действий детьми говорит о правильном восприятии и понимании обращенной речи. Таким образом, воспитатель подводит детей к овладению более сложными функциями речи — регулирующей и планирующей. Все это переводит детей от пассивной к активной адаптации.

К концу периода адаптации дети в детском саду, используя сформированные навыки речевого общения, должны уметь осознанно воспринимать речь взрослых, то есть уметь вслушиваться в речь окружающих, правильно выполнять словесные инструкции, активно пользоваться звукоподражаниями, пользоваться в общении ситуативной речью, как по побуждению воспитателя, так и по собственной инициативе.

## «Давайте познакомимся!»

Дети сидят на стульчиках или стоят по кругу. Воспитатель передает мяч по кругу. Тот, кто из детей получает мячик – называет свое имя. Малыши с удовольствием играют в нее. В дальнейшем игру можно разнообразить: например, вместо мяча передавать друг другу игрушку или предложить детям поприветствовать друг друга по имени. Вариантов может быть много, придумывайте их вместе с детьми!

Самым важным достижением является появление у детей активной речи, желания говорить, когда дети в общении начинают отвечать на вопросы воспитателя на занятиях, по своей инициативе вступают в общение с взрослым и сверстниками. Воспитанники к этому времени усваивают основные синтаксические единицы, которыми и пользуются в общении — слово — словосочетание — предложение.

Приёмы, помогающие процессу адаптации детей к ДО:

1. Показ и рассматривание предмета. То, что показывает и называет взрослый, приобретает для ребенка особый интерес, вызывает радостные эмоции, которые он переносит на взрослого, тем самым данный прием помогает наладить контакт с ребенком, построить положительные взаимоотношения.

2. Выполнение действий с предметом. Выполнив вместе с воспитателем и логопедом ряд действий с предметом, ребенок переносит это в самостоятельную игровую деятельность.

3. Просьбы, поручения. Этот прием помогает сформировать у детей ориентировку в окружающем, учит правильно обращаться с просьбой к сверстнику или взрослому. Это приводит к формированию умения самостоятельно выражать просьбу.

4. Вопросы — ответы. Данный прием используется для активизации речи детей.

5. Опосредованное общение через игрушку создает непринужденную обстановку в группе, что очень важно для развития вербальной и невербальной коммуникации, способствует снятию страхов неизвестности, несоответствия требованиям взрослого, вызывает повышение познавательного интереса детей, что ведет к более быстрому привыканию к условиям ДО.

6. Многократное проговаривание речевого материала или комментирование действий. Этот прием способствует формированию стереотипов поведения, т. к. привлекает детей к выполнению правил и образцов, что, в свою очередь, приводит к непроизвольному запоминанию речевых образцов и дальнейшему сознательному их использованию в аналогичных ситуациях.

Существует расхожее мнение, будто достаточно поместить ребенка в речевую среду, чтобы речь его стала успешно развиваться, и он бы заговорил. На самом деле необходимо не просто окружать ребенка речью, но стимулировать его собственную речь. Создавать так называемую ситуацию речепорождения. Лучше игр спрNew баутками и потешками, для этой цели ничего придумать нельзя. Здесь требуется и выполнение речевых инструкций (причем инструкции выполняются всеми детьми, т.е. здесь они могут служить примером друг для друга), и появляется возможность включать речь ребенка в речь взрослого. Существует, например, такой прием, когда педагог обрывает хорошо известный детям стишок, и они его с удовольствием договаривают.

Также существуют игры, направленные на сближение детей младшего возраста друг с



## «Чей голосок»

Дети садятся полукругом, ведущий — спиной к играющим. Кто-нибудь из детей окликает по имени ведущего, который, не оборачиваясь, должен назвать того, чей голос он услышал. Сначала дети окликают ведущего своим обычным голосом, со временем, когда они хорошо узнают друг друга, можно специально изменять интонацию, высоту голоса.

## «Раздувайся, пузырь!»

Воспитатель предлагает всем детям сесть на стулья, расположенные полукругом, и спрашивает одного из них: "Как тебя зовут? Скажи громко, чтобы все слышали!" Ребенок называет свое имя. Взрослый ласково повторяет его, берет ребенка за руку, подходит вместе с ним к следующему ребенку и спрашивает, как его зовут. Повторяя имя ребенка ласково, но громко, предлагает и ему присоединиться и дать руку. Так по очереди за руки берутся все дети. Сначала лучше подходить к тем воспитанникам, которые выражают желание включиться в игру, а скованных, заторможенных детей целесообразнее приглашать последними. Если кто-нибудь все же отказывается играть, не стоит настаивать на этом. Постепенно, наблюдая за игрой, они захотят быть в коллективе. Дети образуют длинную цепочку. Воспитатель берет за руку ребенка, стоящего последним, и замыкает круг. "Посмотрите, как нас много! Какой большой круг получился, как пузырь! — говорит взрослый.— А теперь давайте сделаем маленький кружок". Вместе с воспитателем дети становятся тесным кружком и начинают "раздувать пузырь": наклонив головы вниз, дуют в кулачки, как в дудочку. При этом они выпрямляются и набирают воздух, а затем снова наклоняются, выдувают воздух и произносят звук "ф-ф-ф-ф". Эти действия повторяются два—три раза. При каждом раздувании все делают шаг назад, будто пузырь немного увеличился. Затем все берутся за руки и постепенно расширяют круг, двигаясь и произнося следующие слова:

Раздувайся, пузырь,
Оставайся такой,
Раздувайся большой, Да не лопайся!!!

Получается большой растянутый круг. Воспитатель входит в него, дотрагивается до каждой пары соединенных рук, затем неожиданно останавливается и говорит: "Лопнул пузырь!" Все хлопают в ладоши, произносят слово "Хлоп!" и сбегаются к центру. После этого игра повторяется. Закончить ее можно так. Когда "пузырь лопнет", воспитатель говорит: "Полетели маленькие пузырики, полетели, полетели, полетели..." Дети разбегаются в разные стороны.

## *Игра способствует развитию речи, памяти, внимания*

### Закончи слово

Попросите малыша закончить слово, которое вы произносите. Например: доро-га, мага-зин, коло-бок.Если ребенку трудно сориентироваться, показывайте на предмет, который называете.

### Повторяй за мной

*(Формирует навыки правильного произношения, развивает артикуляционный аппарат)*

Читайте ребенку короткие рифмовки и просите повторять за вами последний слог:
Прибежала детвора — ра-ра-ра, ра-ра-ра.
Ногу выше, шаг смелей — лей-лей-лей, лей-лей-лей.
Мы увидим листопад — пад-пад-пад, пад-пад-пад.
Милый зайчик не скучай — чай-чай-чай, чай-чай-чай.

### «У кого – кто»

У кошки – котенок, котята
У собаки – щенок, щенята
У свиньи – поросенок, поросята
У коровы – теленок, телята
У лошади - жеребенок, жеребята
У овцы – ягненок, ягнята
У тигра – тигренок, тигрята
У лисы – лисенок, лисята
У козы – козленок, козлята
У медведя – медвежонок, медвежата
У волка – волчонок, волчата
У зайца – зайчонок, зайчата
У ежа – ежонок, ежата
У льва - львенок, львята
У лягушки – лягушонок, лягушата

### «Кто как голос подает»

Корова – мычит (му-у)
Собака – лает (гав-гав)
Свинья – хрюкает (хрю-хрю)
Лошадь – ржет (иго-го)
Овца – блеет (бе-е)
Кошка – мяукает (мяу)
Лягушка – квакает



### «Назови ласково»

кошка – кошечка
цветок – цветочек
собака – собачка
звонок - звоночек
лошадь – лошадка
листок- листочек
овца – овечка
корабль - кораблик
коза – козочка
самолет - самолетик
стул – стульчик
звезда - звездочка
стол – столик
сын - сыночек
кровать- кроватка
мама - мамочка
окно- окошко
папа - папочка

Курица – кудахчет
Утка - крякает
Жук – жужжит
Волк – воет
Воробей – чирикает
Ворона – каркает
Тигр - рычит
Петух – кукарекает
Кукушка - кукует

### «Кому что дадим»

Мясо – волку
Малину – медведю
Морковку - …зайцу
Яблоко - …ежу
Орехи - …белке
Сено - …коню
Косточку - …собаке
Молоко - …кошке
Зерно - …петуху, курице

### «Назови цвет»

Морковь (какая?) – оранжевая
Капуста (какая?) - белая
Помидор (какой?) – красный
Огурец (какой?) – зеленый
Репа (какая?) – желтая
Апельсин (какой?) - оранжевый
Лимон (какой?) – желтый
Арбуз (какой?) – полосатый
Слива (какая?) - синяя
Малина (какая?) – красная

## Дыхательные упражнения и артикуляционная гимнастика

Цель: формирование навыков правильного звукопроизношения; тренировка органов артикуляции.
Дыхательные упражнения.
Цель: развитие речевого дыхания, силы голоса, тренировка мышц губ.

### «Подуем на снежинку»

Вырезать из салфетки тонкую и легкую снежинку. Положить на ладонь ребенку. Ребенок дует, чтобы снежинка слетела с ладони.

### «Бабочка летает»

Сделать совместно с ребенком бабочку из тонкой бумаги (обертка от конфет, салфетка и т.д.). Привязать нитку. Ребенок держит за ниточку и дует на бабочку.

### «Плывет, плывет кораблик»

Налить в тазик или ванну воду положить кораблик и предложить ребенку подуть на кораблик.

## Артикуляционная гимнастика

Цель: развитие артикуляционного аппарата.

### Упражнение «Заборчик».

Зубы ровно мы смыкаем
И заборчик получаем,
А сейчас раздвинем губы –
Посчитаем наши зубы.
Упражнение «Хобот слоненка».
Подражаю я слону
Губы хоботом тяну…
Даже если я устану,
Их тянуть не перестану.
Буду долго так держать,
Свои губы укреплять.

## Игры по развитию общей моторики

Двигательные упражнения, игры в сочетании со стихотворным текстом являются мощным средством воспитания правильной речи. Чем выше двигательная активность, тем выше развивается его речь.

Мы идем по кругу, посмотри,
И шагаем дружно: раз, два, три.
Мы скачем по дорожке, меняя часто ножки.
Поскакали, поскакали: скок, скок, скок,
А потом, как аисты встали – и молчок.

## Подвижные игры с речевым сопровождением

Дети раннего возраста очень любят играть в короткие подвижные игры с забавными стихами, которые очень активно стимулируют развитие их речи. Чем веселее и интереснее речевое сопровождение, тем больше игра нравится детям и тем больший эффект в развитии речи. Например, подвижные игры «Гуси-гуси», «У медведя в бору», «Лохматый пес», «Кот Васька».

## Логоритмические игры с самомассажем.

Во время игр с самомассажем воспитатель читает стихотворение, сопровождая слова движениями.

### «Лягушата»

Лягушата встали, потянулись и друг другу улыбнулись.
Выгибают спинки, спинки – тростинки
Ножками затопали, ручками захлопали,
Постучим ладошкой по ручкам немножко,
А потом, а потом грудку мы чуть-чуть побьем.
Хлоп-хлоп тут и там и немного по бокам,
Хлопают ладошки нас уже по ножкам.
Погладили ладошки и ручки и ножки.
Лягушата скажут: «Ква! Прыгать весело, друзья».




## *Игры - подражания с речевым сопровождением.*

Цель: упражнять детей в отчетливом произношении отдельных звуков, слов или фраз.

### «Птичий двор»

Наши уточки с утра – «Кря-кря-кря!», «Кря-кря-кря!»,
Наши гуси у пруда – «Га-га-га!», «Га-га-га!»,
Наши гуленьки вверху – «Гу-гу-гу!», «Гу-гу-гу!»
Наши курочки в окно – «Ко-ко-ко!», «Ко-ко-ко!»,
А наш Петя-петушок рано-рано поутру
Нам споет «Ку-ка-ре-ку!»

### «Произношение гласных звуков»

- А-а-а (плач ребенка, поет певица, уколол пальчик,девочка укачивает куклу).
- О-о-о (разболелся зуб,удивление).
- У-у-у (гудит поезд).
-И-и-и (жеребенок ржет).
Звуки произносятся на выдохе.

### Проводи мишку

*(Игра способствует развитию речи, умения ориентироваться в пространстве)*

Необходимый инвентарь: мягкая игрушка (например, мишка).
- Возьмите в руки мишку и голосом игрушки скажите ребенку, что очень хотите познакомиться с домом, в котором живет ваша семья. Попросите ребенка проводить мишку и показать ему все самое интересное.
- Пойдите на кухню, пусть ребенок проводит мишку туда. На кухне голосом игрушки спрашивайте, как называются те или иные предметы, указывая на них (например, холодильник, плита, стол и т. д.) Интересуйтесь, для чего они нужны.
- Затем сходите с мишкой в другие комнаты.

## *Пальчиковые игры.*

Это уникальное средство для развития речи: стимулируют речевое развитие, улучшают артикуляционную моторику, подготавливают кисть к письму и повышают работоспособность коры головного мозга.

### «Замок»

На двери висит замок.
Кто его открыть бы смог?
Покрутили, постучали, потянули… и открыли.
7. Игры с различными предметами и материалами.

## *Игра «Колючий ежик»*

Цель: развитие мелкой моторики и координации движений, стимуляция речевой активности.

Оборудование: массажный мяч.

Ход игры:
Самомассаж оказывает на организм благотворное воздействие. Обучение простейшим приемам происходит в игре. На вашей ладони появляется необычный шарик. Вместе вы внимательно рассматриваете его. Оказывается, что он похож на ежика. Аккуратно кладете шарик на ладонь ребенка, прокатываете «ежика» по каждому пальчику, начиная с большого пальца ведущей руки, и чуть дольше задерживаетесь на подушечке каждого пальчика. Массирующие движения следует выполнять в направлении от периферии к центру.

Действия сопровождайте стихами:
«Дай ладошку, моя крошечка,
Я поглажу тебя по ладошке.
Ходит-бродит вдоль дорожек,
Весь в колючках серый ежик,
Ищет ягодки-грибочки
Для сыночка и для дочки»

**Ребенок – зеркало семьи; как в капле воды отражается солнце, так в детях отражается нравственная чистота матери и отца.**

*Василий Александрович Сухомлинский*



**М. Б. Жаздықбаева,**
**Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, п. ғ. к.**

# СЕРУЕН

Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады.

Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала – қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын.

Серуен – мектепке дейінгі ұйымда бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде ағзада болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті:

- Қарапайым жағдайда ағзаны шынықтыру;
- Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін көтеру;
- Баланың қимыл белсенділігін арттыру;
- Баланың танымдық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік-тұлғалық дамуына ықпал ету.



Серуен түрлері (өтілу орнына қарай):
1. Балабақша аумағында;
2. МДМ-нің аумағынан аулаққа жаяу серуен (ересек топтар 2 километрге дейін).

Балалар киіміне қойылатын талаптар:

- Баланың киімі жыл мезгіліне сай және баланың ыссылап немесе тоңуына жол бермейтіндей, ауа - райына сәйкес болуы керек;
- Температура +3 тен - 3°С аралығында болған жағдайда баланың киімі (іш киімді қосқанда) 3 қабаттан тұруы қажет. Сырт киім жылы күртеше, шалбар немесе гамаж; аяқтарында жылы бәтеңке;
- Температура -4 пен -10°С аралығында болған жағдайда балаларға қысқы қалың күртеше мен 3 қабатты киім болуы шарт.
- Температура одан төмен болған жағдайда киім қабаттарын 4-5- ке дейін, киім жылылығына қарай көбейту қажет.

Төменде осы талаптарға негізделіп жасалған, мақсат-міндеттер қамтылған картотекаларды ұсынамын.

**№ 1**

Автобус аялдамасына серуен
Мақсаты: Автобус аялдамасы не үшін керек екенін түсіндіру.
Балалар, біз қайда келдік? Қараңдаршы, мынау не?
Балалар, бұл аялдамада автобустар тоқтайды. Адамдар өздеріне қажетті көліктерге (автобустарға) мінеді, көліктер оларды қажетті жерлеріне жеткізеді.
Жұмбақ: Арқасында ауыл жүр,
Ала тайым шауып жүр. (Автобус)
Қимылды ойын: «Автомобильдер мен автобустар»

**№ 2**

Күз мезгілінің кеш басталуын бақылау
Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің кеш басталуын түсіндіру. Тілдік қорларын дамыту.Күннің көзі жаз мезгіліне қарағанда шуағын аз төгеді. Күн кеш шығады, ерте батады. Күн суытады. Қар аралас жаңбыр, қар жауады. Қыс қаһары сезіледі.
Көркем сөз: Күткен күзім, келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.
Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»
Балаларды шапшаңдыққа баулу.
Еңбекке баулу: Түсіп қалған жапырақтарды жинау.
Үлкендерге көмектесуге дағдыландыру.

**№ 3**

Жауған қарды бақылау
Мақсаты: Сенсорлық тәрбие арқылы қардың ерекшелігін бақылау.
-Балалар, қараңдаршы, алғашқы қар жауыпты. Қардың түсі қандай? (ақ) Қарды ұстап көрейікші. Неліктен қар алақанымызда еріп кетеді?
Көркем сөз: Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Қимылды ойын: «Аяз бен балалар»



**№ 4**

Желтоқсан айындағы ауа райын бақылау
Мақсаты: Қыс басындағы ауа райын күзгі ауа райымен салыстыру: күн суытты, аспанда бұлттар көп, өзен-көлдердің мұздары су болып қатты.
Көркем сөз: Дала аппақ, жапалақтап
Қар жауып тұр тынбастан
Қалың орман қар жамылған
Маужырайды түнгі аспан
Еңбек: Участкедегі қарды сыпыру.
Қимылды ойын: Шанамен сырғанау

**№ 5**

Аспанды бақылау
Мақсаты: Балалардың назарын желтоқсандағы аспанға аударту (төмен, бұлтты). Қандай бұлттар барын сұрау (бұйра-бұйра)
Жұмбақ:Аппақ қаттай тап - таза (аспан)
Қимылды ойын: «Екі аяз»

**№ 6**

Балабақша ауласындағы ағаштарды бақылау
Мақсаты: Балаларға қыстағы ағаштың жаздағы ағаштан айырмашылықтарын бақылату. (айырмашылықтарды атату)
- Балалар, жаздыгүні ағаштар қандай болады? (ағаштарда жапырақтар болады)
- Қыста ше? (ағаштардың жапырақтары болмайды, қар жамылып тұрады)
Еңбекке баулу: Ағаш тамырларын тоңдырмау үшін ағаш түбіне қар жинату.
Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» (шана тебу, қар лақтырып ойнау)

**№7**

Құстарды бақылау

Мақсаты: Қыстап қалатын құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Қыстайтын құстар жайлы білімдерін кеңейту.

- Қазір біз далада қандай құстарды жиі көреміз? (торғай, сауысқан, қарға)

Көркем сөз: Торғай, торғай, торғайсың
Жақын келіп қонғайсың
Жем шашайын, тойып ал,
Сонда аязға тоңбайсың

Еңбек: Жолды қардан тазалау.

Қимылды ойын:«Қарындаштармен» қар үстінде сурет салып үйрену.

**№8**

Қарды бақылау

Мақсаты: Жел жоқ күні қардың жер бетіне қалай жауатынын бақылату. Қар көп жауса, аққала жасауға болатындығын түсіндіру. Күн жылынса, қардың тез еріп кететінін айту.

Жұмбақ: Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады. (Қар)

Еңбек : Қардан әртүрлі геометриялық пішіндерді жасауға үйрету.

Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»
Шапшаңдылыққа үйрету.

**№9**

Қыс мезгіліндегі күннің көзін бақылау

Мақсаты: Қыстағы күннің көзі мен жаздағы күннің көзін салыстыру.

Қыстағы күннің көзі жарқырайды, бірақ жерді жылытпайды.

Көркем сөз: Аяз қысып, өрнек сызып
Тереземді торлайды.

Еңбек: Аулада шашылып қалған бұталарды жинау.



Тазалыққа баулу.

Қимылды ойын: «Күннің көзі мен бұлт»
Балаларды ауа райының өзгеруіне байланысты, күн мен жаңбырды айыра білуге үйрету.

**№10**

Желді бақылау

Мақсаты: Балалармен жел бағытын анықтау. Әсіресе қаңтар айында қатты жел жиі болатынын айту.

Қатты желді қалай атаймыз? (Дауыл)

Жұмбақ: Гу-гу етеді,
Тұлабайдан өтеді. (Жел)

Еңбек: Учаскені қардан тазалау.

Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек»
Балаларды шапшаңдылыққа, байқағыштыққа үйрету.

**№11**

Қаңтар айындағы ауа райын бақылау

Мақсаты: Қыс мезгілінде күн аязды, суық болатынын айтып, күннің көзі биіктеп, жылуын аз шашатынын балаларға түсіндіру.

Жұмбақ: Зулап түсіп төменге,
Шықпас менсіз төбеге. (шана)

Қимылды ойын: «Аяз бен балалар»
Қар лақтырып ойнау.

**№12**

Ақпан айындағы ауа райын бақылау

Мақсаты: Қыстың соңғы айы ақпан айы екенін естеріне салу.

Ақпан айында жел қатты болады, жиі боран соғады.

Көркем сөз: Ақпан айы аппақ қарда,
Аққала салып ойнаймыз.

Еңбек:ауланы қардан тазарту. Балаларды еңбексүйгіштікке, тазалыққа тәрбиелеу.

Қимылды ойын: «Ақ серек пен көксерек».




# БАЛА-МЕДИА



# МЕДИА-РЕБЕНОК





**Конькова А. А.,**
**учитель-логопед**
**дефектолог**
**Детский сад "София"**
**г. Уральск**

## "DEVARKIDS" В КАЗАХСТАНЕ: ТАК ОЖИВАЮТ РИСУНКИ

*Когда мир вокруг изменяется, нельзя*
*не участвовать в этом процессе.*
*Л.В. Михайлова-Свирская*

Повсеместное внедрение компьютерных технологий приглашает нас к размышлениям о том, какие возможности открывает взаимодействие с новым – ярким и эмоциональным – цифровым миром для дошкольников XXIвека.

Мы попытаемся раскрыть суть, описать формы, методы и педагогические приемы работы с инновационным продуктом, имя которому "DevarKids" –живой рисунок. Не секрет, что сама идея использования трехмерных объектов в дошкольной педагогике существенно расширяет образовательные горизонты детей. При тонком видении перспектив знакомства с "DevarKids" и позитивном отношении педагогов в обычном детском саду можно будет создать обогащенную, культурную и красивую развивающую среду, организовать творческое взаимодействие на хорошо проверенном, качественном, зарекомендовавшем себя материале.

Наша первая встреча с "DevarKids" состоялась в 2015 году: на Книжной и полиграфической выставке "ПО ВЕЛИКОМУ ШЕЛКОВОМУ ПУТИ" представители "Лаборатория 24" презентовали инструментарий построения объемного и динамичного 3D-объекта. Простой графический рисунок оживал, стоило взглянуть на него через планшет со специально установленной программой. Это унифицированное виртуальное пространство двигалось и действовало, по воле смотрящего проигрывало потенциально возможные события и явления, заложенные в нем. Помню, как зажмурилась и невольно отступила: вместо карты, разложенной у ног, возникла, стремительно проявилась миниатюрная







копия доисторической Земли с реальными – только тронь – деревьями, скалами и обитателями. Организатор объяснил: одним из них – динозавром величиной с ладонь – можно руководить: чудесная игрушка шла, чутко реагируя на прикосновения человека к экрану…

Мы ни секунды не сомневались: здесь и сейчас зарождается концепция иной информационно-образовательной среды: позитивной, способной соответствовать потребностям современного ребенка. Среды, которая предсказуемо оторвет дошкольника от ежедневного четырехчасового просмотра телепередач* (* По данным ЮНЕСКО, представленным известным психологомО.М. Смирновой, 93% современных дошколят трех-пяти лет проводят у телевизора 28 часов в неделю: "Подрастает первое поколение экранных детей") вызовет яркие эмоциональные переживания и, самое главное, желание действовать и делать открытия. Ее истинная сущность, образовательный потенциал заключается не в возможности обладать очередной информацией, знанием и умением, а в особом личностно-смысловом контексте, имеющем основой притягательную силу цифровых технологий, интенсифицирующей развитие новых мотивов деятельности детей. Она – долгожданный ответ на изменения культуры общества, один из множества качественно других источников воспитания и обучения ребенка XXI века. Вдохновленные, мы с нетерпением ждали дидактических материалов, оборудования, в котором воплотится совпадение личностных интересов дошкольника и ценностных образовательных установок педагога. Первым предметом такого практического подхода стали раскраски "DevarKids" – 14 оживающих изображений в традиционной черно-белой графике с широким контуром.

В июне мы принимали "Лабораторию 24" на базе нашего детского сада, выступив в качестве пилотной площадки, участников и соорганизаторов знакомства детей с "DevarKids". Менеджер Асель, принесла образцы – отдельно напечатанные картинки формата А4 – и планшеты с заранее установленной программой. Заметим, что само приложение "DevarKids" бесплатно, легко скачивается и работает вне зависимости от того, есть ли в стенах дошкольной организации интернет. Мы с менеджером рассмотрели картинки-примеры: четыре изображения, взятые из раскраски и растиражированные по количеству детей. (рис.1 А, Б)





Рис. 1. “DevarKids”

Оговорили технические условия: чтобы программа “узнала” объект, картинка должна отображаться на экране планшета или мобильного устройства целиком. “DevarKids” обращается к графике, внесенной в базу: направьте устройство с запущенным приложением на иллюстрацию из любой другой книги, - чуда не произойдет. Рисунок, на которой вы смотрите, по прежнему будет двухмерным. “Свой”, то есть внесенный в память программы продукт, “DevarKids” определяет по контурам. Поэтому важно следить, чтобы дошкольники излишне не приукрашивали картинку: одна-две звездочки, вольно дорисованные ребенком, не помешают, но множество туч на небе космодрома, закрывающие саму космическую ракету, окажутся серьезным препятствием для “DevarKids”. Приложение не сможет распознать, а значит, и оживить историю малыша. Это роднит “DevarKids” с игрой по правилам: обучающей, воспитывающей ребенка, направленной на развитие произвольной сферы и ряда психических функций. Играть с “DevarKids” – значит уметь – или учиться – слушать и слышать педагога, удерживать в памяти слова, сказанные им, понимать и принимать последствия нарушенных норм и, только постаравшись, радоваться результату. Примечательно, что в целом создатели “DevarKids” не склонны ограничивать творчество ребенка: программа считает и преобразует любой цвет или узор вне зависимости от того, будет ракета маленького художника синей, красной или полосатой. Если все сделать правильно, изображение на экране вашего устройства окрасится в зеленый: “DevarKids” нужно еще несколько секунд. “3-2-1”: внутренний таймер запускается самой программой. Цифры в порядке обратного отсчета будут появляться на экране: можно подождать, но гораздо веселее проговаривать вместе с детьми..

Все! Добро пожаловать в трехмерную реальность. На ваших глазах персонаж, раскрашенный ребенком, обретает объем, отделяется от фона и движется. Создатели “DevarKids” подарили каждой картинке собственный интерактивный сюжет. Веселая мелодия поддерживает тематику рисунка. Рассмотрите ожившую картинку со всех сторон: для этого достаточно изменить угол обзора. Мы вращали картинку, лежащую на столе, но можно и обойти вокруг нее с планшетом. Все элементы будут окрашены в цвет, выбранный детьми. Мир с “DevarKids” оказался полон творческих идей, насыщенных чреватых непредсказуемыми впечатлениями событий, дружеских отношений и увлекательной, свободной игры. Конечно, этот новый источник развития ребенка требует осмысления, опробования, освоения. Но лично для меня летний день с “DevarKids” стал иллюстрацией современного счастливого детства. Детства, в котором дошкольник растет и совершенствуется благодаря, а не вопреки влиянию цифровых технологий. Как и любая инновационная образовательная разработка, “DevarKids” ждет своего педагога: открытого, вдумчивого, способного учитывать интересы детей в XXI веке. Пока несомненно одно: “DevarKids” может быть импульсом эффективной практики обучения “до школы”.








**А. А. Қаршығаева,**
**«Қалалық білім бөлімі**
**«Ер Тарғын» МҚҚК балабақшасының**
**логопед-дефектологы**
**Қызылорда қаласы**



# РОТАЦИЗМ – «Р» ДЫБЫСЫН ТҮЗЕТУ

Мектеп жасына дейінгі балаларда кездесетін сөйлеу тіл бұзылыстарын жоюдың маңыздылығы – мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған бала ең алдымен сөйлеу тіліндегі барлық дыбыстарды мейлінше анық әрі айқын дыбыстап, сұрақтарға толық жауап беріп, кез келген бағытта сөздік қоры мол болуы керек. Сол кезде ғана бала мектеп білімін игеріп кетуге қабілетті болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларда жиі кездесетін сөйлеу тіл бұзылысының түрі – Дислалия. Ол – сөйлеу тіліндегі дыбыстарының айтылуының дербес бұзылуы. Ол дыбыстарды алмастыру, дыбысты айтпай, тастап кету, бұрмалап айтумен белгіленеді. Немесе фонематикалық бұзылыс деп те аталады. Мектеп жасына дейінгі балаларда жиі бұзылатын дыбыстарға қатаң дыбыстар («Қ», «К»), ызың («Ж», «З»), ысқырық («С», «Ш»), үнді («Л», «Р») дыбыстарын жатқызуға болады. Балада ең кеш шығатын күрделі дыбыстың бірі «Р» дыбысына тоқталайын.

Ротацизм – грек алфавитіндегі Р әрпінің атауы. Р дыбысының сөйлеу тіліндегі бұрмаланып бұзылуын ротацизм, ал басқа дыбыстармен алмастырылып айтылуын параротацизм деп атайды.

Р дыбысының артикуляциясы

Үстіңгі тіс пен астыңғы тістің арақашықтығы белгілі бір межеде тұрады. Тілдің алдына жағындағы орта тұсының үсті майысып иіледі, ұшы ширығып үстіңгі тістің қызылиек етіне көтеріліп барып қабысады да, іштен шыққан ауа ағынының толқынымен тербеліп дірілдейді. Артқы жағы кері шегініп жұмсақ таңдайға аздап көтеріледі, екі жақ кеңересі азу тістерге қабыса тіреліп, дауыс шығаратын ауа ағыны ауыз қуысының ортасымен өтеді.

Ротацизмді түзетудің әдістері

Р дыбысын еліктеу әдісі арқылы да түзетуге болады. Бірақ бұл әдістің бірен-сараны ғана нәтижелі болғанымен, көбіне түзетудің талабын қанағаттандыра алмайды. Сондықтан Р дыбысын Д дыбысы арқылы түзету әдісі өте қолайлы және нәтижелі болып шығады. Бұл түзетуде алдымен Д дыбысын екіден, содан соң үштен (дд, дд, дд,...ддд, ддд, ддд...) бір қалыпты ырғақпен қайталатып айтқызудан басталады.Оны одан әрі қарай жалғастырып, бірте-бірте соңғы Д-ға дауысын көтере,басымдық беріп, ол дыбыстың үнін күшейтіңкіреп қайталайды (дД, дД, дД, ддД, ддД, ддД...). Жаттығуды тілдің ұшында әбден орнықтырып машықтандырғаннан кейін, енді Д дыбысын шұбартып тізбектете (дддддддддд....) айта бастайды, арагідік әр үшінші Д-ны бұған дейінгідей, (ддД, ддД, ддД...) дауыстың көтеріңкі ырғағымен, тілдің ұшы жаттыққанша қайталайды. Мұнда астыңғы жақты қимылдатпай, тек тіл ұшына ғана жұмыс істету керек. Мұнан әрі екі-үштен қайталанатын Д дыбысның соңына А немесе Ы дыбысын тіркеп(дда, дда, дда...дды, дды, дды...) айтқызып жаттықтырады. Осылай әбден жаттыққаннан кейін Д-ға Р дыбысын тіркеп, дыбыстатып жаттықтырған дұрыс (др, др, др, др). Бұл Р дыбысын шығаруға жақындату деуге болады. Әрі қарай Р дыбысын қоюға арналған зонтпен дддд немесе др, др, др, др деп айтқызып, тіл ұшын қимылдату арқылы Р дыбысын шығару керек. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балаларға арналған айна алдында отырып жасайтын ойын-жаттығуларынұсынамын:

Саңырауқұлақ (тілді таңдайға көтеріп, жапсырып ұстау) жаттығуы;

Желкен (тіл ұшын жоғары




күрек тістерге көтеріп тұру) жаттығуы;
Сылақшы (тіл ұшымен таңдайды жалау) жаттығуы;
Ат шауып келеді (таңдай қағу) жаттығуы;
Барабан дауысы – дддддд, дддД, ддддД;
Трактор дауысы – др, др, др, др, др, др, др...;
Зонд көмегімен айтқызу – др, др, др, др...
Тілдің ұшын әбден дірілдетіп, машықтандырып алғаннан кейін, оны буындарда (ашық, жабық, бітеу):

- Ра – ро – ру – ры – ре – ри – ря – рі;
- Ар – ор – ур – ыр – ер – ир – яр – ір;
- Рар – рор – рур – рыр – рер – рир – ряр – рір;
- Ара – ора – ура – ыра – ару – ору – ыру – еру – іру – ыро, т.б.

Сөздерде, сөз тіркестерде:
- Раушан – қызыл раушан, қара – қара жидек, қара өрік, орындық – отыратын орындық, арыстан – үлкен арыстан, торғай – дала құсы торғай, т.б.

Сөйлемдерде дауыстың бірқалыпты ырғағына салып, сөйлеу тілінде жаттықтырады:
- Мен қарғаның суретін салдым;
- Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түседі;
- Қар – қыс мезгілінің сәні;
- Біз жазда отбасымызбен орманға серуенге шығамыз.

Дыбыспен соңғы жұмыс бағыты – шатастырып айтылатын дыбысынан ажырату жұмысы. Мысалы: Р дыбысын Л дыбысына алмастырып айтатын балалармен дыбыстарды ажырату жұмысы. Мұнда Р дыбысының айтылуы мен Р дыбысы бар сөздерді нақтылап көрсетіп, Л дыбысын, сонан соң Л дыбысы бар сөздерді анық айтып, екеуінің дыбысталуы мен қолданылуының екі түрлі екенін ажыратып, мұқият түсіндіру керек. Осыдан кейін Р дыбысын бала толық меңгерді деуге болады.
Осылайша қойылған дыбыстарды түрлі бағыттарда машықтандырып, үнемі қадағалап отыру арқылы мектепке дейінгі балалардағы дислалияны жоюға болады. Тілінде еш кедергісі жоқ бала қоғамға етене арасудан жасқанбайды. Қоғамдағы бала тұлғасын қалыптастыру – өз қолымызда.



**Е. М. Қаңтарбаева**
**№54 орта мектептің мектепалды даярлық сынып мұғалімі**
**Тараз қаласы**

# ҰЯҢ БАЛАЛАРДЫ ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ



*Адамның өз мүмкіндіктерін толық көрсетуіне кері әсерін тигізетін қасиеттердің бірі – ұялшақтық, ұяңдық, тұйықтық. Бұл қасиет негізінен адамда бала кезінен пайда болады. Бұл қасиеттерден уақытында арылмаса, есейген сайын ол түрлі кедергілерге алып келеді. Табиғатынан ұяң бала сол кедергілерден өте алмауы, қиындықтарға төтеп бере алмауы мүмкін. Бір-екі рет төтеп бере алмаса, біртіндеп оның барлығы бала бойына жинақталып, тұйықталуға, іштен тынуға ұласады да, әр кез сәтсіздіктерге ұшырағанда үнсіз келісіп, күресуден бас тартады. Баланың өзін-өзі бағалауы да төмендей бастайды. Өзінің үнемі жолы болмайтындай сезініп, өмір сүруге деген құлшынысы азаяды, тіпті өзін жек көріп кетеді. Балалардың ұяң, ұялшақ мінезін күнделікті қарым-қатынас арқылы жақсы білуге болады. Ұяң балаларды ортаға бейімдесе де, қызығушылығын тудыратын әртүрлі жұмыстар жасаса да еш нәтиже бермесе, ол баланы қадағалауға алу керек. Өз деңгейіндегі әртүрлі жұмыстар жасатып, ата-анасымен жеке сұхбаттасып, кеңестер беру керек. Баламен де жеке әңгіме өткізіп, ашылып сөйлеуіне күш салу қажет.*

*Ұяң, тұйық балаларды қалай айқындауға болады?*

*Ұяң, тұйық балалар табиғатынан үндемейді, көзін үнемі төмен салып жүреді, иығы еңкіш тартып тұрады, бір нәрсе айта қалсаң қалтырап кетеді, сөйлегенде ешқашан бетіңе тура қарамайды, тіпті қарапайым сұрақтардың өзіне әрең жауап қайтарады. Олар көбінесе, өз сезімдерін көпшілік алдында көрсетпейді, ішінен уайымдайды, жалғыздықты сезінеді, торығу сезімі басым келеді. Оларға абыржу, сасу, қысылу, ұялу, өзін болмашы нәрсеге кінәлі сезіну тән. Кейбір балалар табиғатынан ұяң болмауы мүмкін, олар топ бастауға құмартып тұрады, бірақ оны басқара алмағандықтан, өзін көрсете алмағандықтан, үндемей, ешкімге қосылмай, тұйықталып жүреді. Өз пікірін айтуға жасқаншақтанады. Себебі өзгелердің алдында күлкіге ұшыраймын, мазаққа қаламын деп қорқады.*

*Ұяң балаларды анықтаудың тағы бір өзгешелігі: өзін-өзі бағалау тестін алғанда олар өздерін төмен көрсетеді.*

*Өзін-өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны т.б. бойынша өзіне баға беруінен көрініс беретін адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау, арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды. Адамның өзін-өзі төмен бағалауы мінез-құлықта күмәндanушылық, қызғану, іштарлық, көңілсіздік, ешкімге жоламау сияқты сипаттар арқылы көріністер табады. Ал өзін тым асыра бағалау адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмау, ашуланшақтық, мақтаншақтық сияқты мінез-құлықтарға апарып соғады. Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауы орташа деңгейде болғаны анағұрлым жақсы.*



## Жеңу жолдары

Егер мен тәрбиеленушімнің жоғарыдағыдай белгілерді байқасам, онда оған қолынан келетін істі беріп, соны жасап шығуға бағыт-бағдар беремін. Бала орындаған жұмысын көрсеткенде, міндетті түрде мадақтап, ынталандырамын. Бұл балаға өз қолынан іс келетініне көз жеткізуге, өзіне сенімді болуына көмектеседі. Мадақтау – ұялшақтықты, ұяңдықты жеңудің бірден-бір жолы.

Ұяң, тұйық балаларға тән қасиеттердің бірі – олар не нәрсені болсын жүректеріне өте жақын алады, өкпешіл келеді. Олар қарым-қатынасқа түсуден қашқақтайды, ешкімнің өзіне жақындамауын, тиіспеуін қалап тұрады. Мұндай жағдайда баланы өз іс-әрекеттеріне деген сенімді көзқарасты қалыптастыру керек. Баланы өз көз-қарасын дәлелдеп шығуға дағдыландыру қажет. Кейбір балаларда ұялшақтық қиялы бәсеңдіктен, ойлау қисынының толық дамымауынан, баяу қимылдың әсерінен болатындықтан, ақыл-ойды дамытуға көп көңіл аударған жөн. Әсіресе, балалар өте жоғары бағалайтын кеңпейілділік, жомарттық, ақылды, тапқырлық қасиеттерін дамытуға тырысу керек.

Аса айқын, қиын және өзгерісі көп қауіпті кезең мектеп жасындағы жеткіншектік кезең. Жеткіншек балалардың көңіл-күйі жиі құбылып тұрады, эмоциялық әлемі жиі өзгереді. Балалардың бір тобы тез шаршағыш, ашуланшақ, көңілсіз болады. Мұндай баланың жеке басының неврозды жүйкесі мен психикасының бұзылуынан деп сипаттауға болады, оның себебі педагог пен бала, бала мен ата-ана қатынасының бұзылуынан болады.

Жеткіншектің мінез-құлқындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез-құлық деп аталынады. Ол дегеніміз – агресивті мінез-құлық, үрей, қорқыныш, депрессия. Бұл көбіне баланың балабақшадан мектепке қадам басқан кезеңінде кезедеседі.

Қазіргі уақыт талабы – білімді, саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол, қоғамда өз орнын таба білетін тұлға қалыптастыру. Жеке тұлға дегеніміз – адамның психикалық рухани мәдениеті. Тұлға мәселесі қай уақытта да өзінің сан қырлы жақтарымен заман талабынан түскен емес. Бала алдымен педагогты пір тұтады. Оның бейнесі болашақтың бейнесіндей әсер етеді. Тәрбиеші-педагогтың жүріс-тұрысы, ақыл-ой өрісі, іс-әрекеті, тәрбиесі мен шеберлігі оқушы психологиясына қатты әсер етеді. Жеке қасиеттері арқылы әсер етумен қатар педагог үшін балалардың қызығушылығы, бейім-қабілеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері басты орында болуы тиіс. Осы ерекшеліктерді ескеру мен дамыту оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактор.

Дүниедегі ең тамаша туынды – тамаша тәрбие алып шыққан адам. Мектепке алғаш келген балаға дұрыс тәрбие беру, ауытқушылықтан сақтап қалу – мұғалімнің міндеті. Жақсы тәрбиемен есейген бала, ол қашан да біздің қуанышымыз. Психология ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілеті жоқ адам болмайды деп дәлелдейді. Баланың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға мектеп мақсатты түрде ықпал ете алады.

Балалар өте сезімтал, нәзік. Мұғалімнің жылы жүзін, күлімсіреген көз жанарын, көңіл-күйінің жайдары, жайсаң болуын тілейді. Осы қалыпты ұстаған мұғалімнің оқушысы ешқандай психологиялық ауытқушылыққа ұрынбайды. Психологиялық денсаулықтың дұрыс дамуы көңіл-күйге байланысты деуге де болады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда сеніммен қарау ересек адамның өзіне оң әсер етеді, ал үнемі қорғанысты қажет ететін, соны сезінуді қалап тұратын балаға бұл аса маңызды, тіпті ең керек фактор. Балаға сенсеңіз, сенім артсаңыз, онда үлкендердің талап-тілегінен шығуға тырысу, үлкендердің көзіне түсуге деген талпыныс пайда болады. Бұл – өмірге деген құлшыныс. Бала үлкендерге ұнауға талпыныс білдіре отырып, мінез-құлық ережелерін орындауға ұмтылады. Осы ұмтылыс барысында оның бойында ар-ұят сыны адамгершілік сезім пайда болады.

Міне, ұяң балаларды ортаға бейімдеудің бірігей жолдарының бірі – осы сенімде, сонан кейін тәрбиеші-педагогтың қажырлы еңбегі мен ұдайы ізденісінде. Барлық бала қоғамнан өз орнын табуға құқылы. Ал қоғамнан өз орнын тапқан балалар елді алға сүйрейді.



**Сердалиева Ұ. К.,**
**«Жания» бөбекжайының педагог-психологі**
**Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кенті**

# ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Әр сәби — өзінше тамаша және қайталанбайды, психологтар әрқайсысының дарындылығына сенеді.*
*Т. Галковская*

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры. Еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі өзекті мәселеміздің бірі – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға, білімді ұрпақ тәрбиелеу.

ҚР «Білім туралы» Заңына мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан қоғамға ерекше дарынды балалардың тек жеке интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. «Еңсесін енді көтеріп келе жатқанбіздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны мүлде бөлек», –деп Н.Ә. Назарбаев атамыз айтқандай.

ҚР 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында білім беруді инновацияландыруға сай икемдеу үшін білім беру жүйесін ақпараттындыру, жаңа талапқа сай дамыту талабы қойылып отыр. Осы талапқа сай білім беруде




жеке тұлғаны дамыту, дана және дара ойлай алатын дарынды баланы оқыту мен тәрбиелеу жолдарын айқындау қажеттігі туындады.

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өнуі, әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Осы орайда қандай да болмасын білім беру мекемелері балаларға, оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай білім берумен шектеліп қалмай, оларды ғылыми ізденіс жұмыстарға тартып, мұқият ойластырылуы, шынайы дараланып және оны жүзеге асыру қолайлы жас кезеңдеріне сай шығармашылық, дарындылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс жүргізуі керек. Дарындылықты дамытудың бірден-бір қолайлы кезеңі – мектепке дейінгі балалық шақ. Заманауи білім беру тәжірибесі көрсеткендей, балалар арасында айтарлықтай айырмашылықтар болады. Құрбыларына қарағанда шығармашылық қабілеттерімен, өзара байланысын таба білетін біліктіліктерімен неғұрлым дамыған зайырлы балалар айырықша көзге түседі. Олар үнемі өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша ізденіс үстінде болады, зеректік, дербестік, белсенділік танытады. Тұлғаның шығармашылық әлеуетін іске асыру мәселелері ажырамас бөлшегі саналатын дарынды балалармен жұмыс – мектепке дейінгі ұйым жұмыстарындағы басым бағыттардың бірі. Мектеп жасына дейінгі балаға жоғары танымдық белсенділік, көтеріңкі әсершілдік, ақыл-ой жүктемесіне деген сұраныстар тән. Оларда сезімталдық, жарқындық, үлгілерді нақты ұсыну және оларды жеңіл қолдана білу жақсы дамыған. Мектепке дейінгі жастың ерешеліктері қиялдау, шығармашылықпен елестету, стандарттан тыс ойлай білу болса, мұнан басқа айырықша сезімталдығы, айналасына сергектікпен қарайтындығы анық байқалады.

Дарындылықты тұңғыш рет ағылшын антропологы Френсис Гальтон зерттеді. Ол дарындылық психологиясы тарихында үлкен еңбек сіңірді. Ф. Гальтон дарындылық − тұқым қуалайтын факторлардың нәтижесі екендігін алғаш рет дәлелдеуге тырысты. Өте ұзақ зерттеу жүргізген АҚШ ғалымы Льюис Тердің еңбектері дарындылық психологиясында үлкен рөл атқарды. Заманауи психологияда ең кең таралғаны американдық ғалым Джозеф Рензуллидің адамның зияткерлік қабілеті, креативтілігі туралы зерттеуге арналған көптеген сынақтамаларынан тұратын тұжырымдамасы. Ғалымдардың





ерте заманнан бастап жинақталаған дарындылық мәселелері туралы тәжірибелері қазіргі кезеңге дейін қолданылып келеді. Ғалымдардың еңбектерін жинақтай келе,қолданыстағы негізгі ұғымдарға сипаттама беріп кетсем: «Дарындылық» ұғымы − бұл жүйелі, бір немесе бірнеше әрекет түрі бойынша адамның басқа адамдармен салыстырғанда жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін анықтайтын, өмір бойы дамитын психикасының сапасы. «Дарынды бала»−белгілі бір әрекет түрлерінде табыстарымен жарқырап көрінетін, өресі биік бала.

Дарындылықтың жас ерекшеліктері, баланың дарындылығы өте ерте байқалады. Оның дамуының өте қарқынды кезеңі 2 жастан бастап 5 жасқа дейін. Осы жаста тұлғалық негізі қалыптасады және ол өзін көрсете бастайды. Әртүрлі салалардағы әрекеттерде ырық бермей, алғашқы ықтиярсыз қабілеттері пайда болады.

Мектепке дейінгі жастағы дарындылық бірнеше кезеңдерден тұрады: Бірінші кезеңде(2-3 жас) бала алғашқы сенсорлық әсер алады. Екінші кезеңде (3-4 жас) әрекеттерге еніп кетеді, табиғи материалдардың бастапқы белгілері туралы түсінігі пайда болады, өте белсенді, оған кең ауқымдағы әртүрлі әрекеттерге мүмкіндігі бар. Үшінші кезең (4-5 жас) баланың шығармашылық ізденіс кезеңі, қосымша әрекеттер үшін қабілетті балаларды біріктіруге болады. Төртінші кезеңде (5-6 жас) бала оң нәтижелерге жетуге ұмтылады. Бесінші кезеңде (6-7 жас) дарындылық өздігінен таныла бастайды. Дарындылықтың белгілері – дарынды балалардың ерекшеліктері оның шынайы әрекеттерінде көрінеді және оның әрекеттер сипатын бақылаған кезде бағалануы мүмкін.

Ғалым педагог Л. В. Поповтың ойынша, өз жасынан жылдам жетілген балаларда жасының және жеке өзіндік белгілері өте айқын, тіпті драмалық жағдайда байқалады. Егер бала өзінің қатарының арасында шығармашылық жаттығулар да ерекше табысты болса, оны дарынды бала деп атауға болады.

Дарындылықтың типтерін атап айтып кетсек: зияткерлік, академиялық (жоғары зайырлылық), көркемдік, креативтілік, көшбасшылық, спорттық. Дарындылықтың әрбір түрі барлық деңгейдегі психикалық ұйымдастырулардың нақты берілген әрекет түріне маңыз беретін деңгейдің басымдығымен бір мезгілде іске қосылуын қарастырады. Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері дарынды балаларға тән оза дамудың мынадай ерекшеліктері бар:

- қабылдауының ауқымдылығымен ерекшеленетін балалар; - есте сақтауы жоғары деңгейдегі балалар; - тілі ерте дамыған, бай сөздік қорға ие балалар; - зейін қоюы жоғары деңгейдегі балалар.

Дарынды балалардың мінез-құлқында шыншылдық сезімдері жоғары, жақсы әзілқой сезімдерге ие, сонымен қатар тез өзгеретін, шыдамсыз,үнемі назарда болғанды ұнататын қасиеттерін байқатады, оларға қорқыныш, жоғары сезімталдық тән. Қазіргі кезеңде балалар дарындылығы, оларды анықтау мүмкіндіктеріне психологтармен педагогтар назар аударып отыр. Сондықтан дарындылықты диагностикалау және дарынды балалармен жұмыс арнайы жүргізілген зерттеу мәліметтеріне сүйенеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуоқыту үдерісінде тәрбиелеудің заманауи технологиялары мен балалар дарындылығын дамытудың ерекше әдістері (тренингтер, жоғары қиындықтағы тапсырмалар) қолданылады.

Дарынды балалар үшін оқу бағдарламасының көлемі тарлық етеді. Олар педагогтар мен ата-аналардың көмегі арқылы, сондай-ақ өз бастамалары бойынша білімдерін жетілдіріп, жаңа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады.

**Дарынды баламен жұмыс мынандай бағытта жүргізіледі:**

**Дарынды баламен жұмыс**

**1. Дарынды баланың тұлғасын зерттеу:**
**- жеке тұлғалық қасиеттері;**
**-өзара қарым-қатынас сипаттамасы;**
**-бала қызығушы-лығының ауқымы;**
**-өзіндік бағалауы;**

**2. Баланың интеллектуалды портретін жасау.**

**1. Дарынды баламен жұмысқа сұраныс (мақсаты мен міндеттерін анықтау).**

**2. Мәдени-ақпараттық және пәндік дамуындағы білім беру процесін бақылау,зерттеу.**

**3. Баланың дарындылығын дамытуда жеке дербес ерекшелігіне сәйкес бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануына көмек көрсету, психодиагностикалық, психопрофилактикалық жұмыс.**

**Ата-анамен жұмыс**

**1.Ата-анамен кездесу.**

**2.Дарынды баланың ата-анасын зерттеу.**

**3. Ата-аналарға арналған әдістемелікті пайдалана отырып, ата-ана көзқарасын анықтау.**

**4. Дарынды баланың ата-анасына жеке кеңес.**

Дарынды баланың бойындағы психологиялық қасиеттер әртүрлі болып келеді. Баланың дарындылығы тек психологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар психоәлеуметтік және дене дамуына да байланысты. Сондықтан да балалардың шығармашылық қабілетін дамыту жөнінде керек кеңестерді ұсынамын:

• Балалардың жеке басына және қызығушылықтарына құрмет көрсетіңіз. Балалардың шығармашылық талпыныстарына теріс баға беруден аулақ болыңыз. Олардың оғаш идеяларына шыдамдылықпен қараңыз, әуесқойлығын, сұрақтарын сыйлаңыз. Сұрақтары тіпті күтпеген жерден болса да, оларға жауап беруге тырысыңыз.

• Кейде баланың жалғыз қалуына мүмкіндік беріңіз. Сіздің шамадан тыс қатысуыңыз және назарыңыз оның шығармашылығын қиындатуы, дарындылығының дамуын тежеуі мүмкін. Ұлыңызға немесе қызыңызға өзін шығармашыл тұлға ретінде бағалауына көмектесіңіз. Алайда мінез әдептілік шеңберінен (ашулы, ызақор болудан) аспауы тиіс. Балаға, ол құрдастарымен түсініксіз шығармашылық ізденіс үдерісінде жалғыз қалған кезінде түңілу мен күмәннан арылуға көмектесіңіз.



• Жаңа шығармашылық бастамалары үшін қолдау сөздерін табыңыз, алғашқы тәжірибесін сынаудан аулақ болыңыз, оларға үлкен үмітпен, жылы шыраймен қарау керек, себебі балалар өзі үшін ғана емес, жақсы көретін адамдары үшін де әрекет етуге тырысады.

•Түрлі салаларға қатысты қолданылатын проблемалық үлгідегі мәселелерді кеңінен пайдаланыңыз. Баланың әуесқойлығы мен байқағыштығын дамыту мақсатында, оны қоршаған ортаны әртүрлі жаңа заттармен байытыңыз. Балалардың белсенді түрде сұрақтар қоюына жағдай жасаңыз. Ынтымақтастық пен қарым-қатынас дағдыларына үйрету арқылы қоғамдық құптамаудан аулақ болуға, әлеуметтік қайшылықтарды азайтуға және құрдастарының теріс көзқарастарын жеңуге көмектесіңіз.

Өз тәжірибемде психолог ғалымдардың еңбектерімен, сауалнамалар, тесттер, жаттығулар, тренингтер, психологиялық кеңес беру диагностикалар бойынша балалармен тығыз жұмыс жасаймын. Зерттеулер нәтижесі дарынды балалар санынан орташа даму деңгейіндегі балалар саны басым болатындығын көрсетіп отыр. Яғни дарынды балалар саны өте аз. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі дарынды балалалардың дамуына көмек жасау және қолдау қажет.Осы орайда ғалымдардың психологиялық еңбектері шет тілдерінен (ағылшын, орыс) қазақ тіліне аударылып, мектепке дейінгі ұйымдарына арналған кітаптар шығаруды қамтамасыз етуін қалаймын.

Бұдан шығатын қорытынды, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін дарындылықтың алғышарттары байқалған балаларды уақытында анықтау, олардың қабілеттерін сақтау және одан әрі дамыту үшін, балалардың жеке белсенділіктеріне сүйене отырып, педагог-психологтардың, тәрбиешілердің, арнайы мамандардың, ата-аналардың күшін біріктіретін арнайы жұмыстар жүргізілуі қажет.

К. Э. Циолковский шығармашылық ойдың пайда болу құпиясын мынадай ұлы формула арқылы сипаттайды: «Әуелі мен көпшілікке белгілі ақиқатты аштым, сонан соң тек кейбіреулерге ғана белгілі ақиқатты аша бастадым, ақырында бәріне қол жеткіздім». Сондықтан да болашақ ұлы жаңалықтардың ашуына дәнекер болатын дарынды баланың өз мүмкіндіктерін жетілдіруіне және оның іске асуына психологтардың қосар үлесі зор.



**Медетова А. Қ.,**
**«Нұр Орда Шұғыла-3»**
**балабақшасының тәрбиешісі**

# БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІН ЖЕҢІЛ ӨТКЕРУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСУ ЖОЛДАРЫ

Балабақша – тәрбие мен білімнің ғана емес, бала үшін қоғамдық ортадағы орнын қалыптастырудың алғашқы мектебі. Ал қоғамға, қоғамдық ортаға бейімделу бала өмірінде балабақшаға бейімделуден басталады. Бала алғаш рет өзіне бейтаныс адамдардың арасына қосылады, бұл – бала үшін үлкен тәуекел. Себебі бұрын таныс емес адамдар оның үйіне келетін болса, бұл жолы ол белгісіз адамдардың ортасына өзі келеді, сонымен бірге мұнда ол ата-анасыз, жақындарынсыз қалуы керек. Оған қоғамның, қоғамдық ортаның қоятын осы алғашқы міндеті – сәби үшін кәдімгідей қорқыныш. Осы тұста ең алдымен көмекке келетін балабақшаның аурасы, тәрбиешінің тәжірибесінен де бұрын ата-ананың әрекеті, қарым-қатынасы, ықпалы. Сондықтан бірінші балалардың балабақшаға бейімделу кезеңін жеңіл өткеруіне жәрдемдесу жолын ата-аналарға арналған кеңестен бастағым келеді. Өйткені баланың балабақшаға бейімделуінен бұрын тұрған маңызды бір кезең бар, ол – балабақшаға келуге дайындық. Ал баланың бұл кезеңнен өтуін қадағалайтын бірден-бір орта – отбасы, оны жүргізетін жан – ата-ана.

Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңін жеңіл өткеруіне жәрдемдесудің бірінші жолы – ата-ананың көмегі. Тәрбиеші – ең алдымен психолог, ұйымдастырушы, керек кезде дәрігер, демеуші, білім беруші және әрине жол сілтеуші. Бала жанының бағбаны ретінде тәжірибеге сүйене отырып, ата-аналарға арналған қарапайым қағидаттарды ұсынамын:

- Балабақшаға көзқарас. Балабақшаға деген сіздің көзқарасыңыз қандай болса, баланың да көзқарасы, ынта-ықыласы сондай болады. Сондықтан «Балабақша сіз үшін қандай орта?», осы сұраққа өзіңізден жауап алып көріңіз. Ата-анада балабақша – баланың бос уақытын өткізетін немесе өзі жұмысқа кеткенде баласын қалдырып кететін уақытша орын деп емес, баламды дамытатын, тәрбиелейтін, жаңа достар табатын, қоғамға, өмірге бейімдейтін ыстық ұя деген көзқарасы қалыптасқан болуы керек. Сонда ғана ата-ана баланың ұғымында балабақшаға дұрыс көзқарас қалыптастыра алады.

-Тәрбиеші мен педагогтарға көзқарасы. Ата-ана баласына тәрбиешіге кез келген өтініш, қалау, ниетін айтуға болатынын есіне салу қажет. Мәселен, дәретханаға бару, қол жуу, ойыншықпен ойнау, бөлме салқын болса, бір қабат киімін шешу немесе керісінше ыстық болса, киіп алу, т.б. Ата-ана осы қарапайым мәселелердің әрбірі үлкен келеңсіз жайттардың туындауына себеп болуы мүмкін екенін ескеруі керек. Сол үшін бәрінің алдын алу әрекеттерін қолға алған жөн. Мысалы, өзі дәретхана ұялып, көпшіліктен, бейтаныс адамдардан қысылып зорға сұранып барған бала тәрбиешінің бірге кіріп, тосуына келіспей өзі барады. Сонда ол киімін оңай шешетіндей болуын ата-ана алдын ала ойластырып киіндіруі керек. Түймесі, бауы, ілмегі және тағы басқа да кедергі келтіретін тетіктері бар киім кигізбеуге тырысқан абзал. Бұл баланың ығырын шығарады, оның аяғы баланың келеңсіздікке тап болып, психологиясына әсер етеді. Тәрбиешінің өзіне екінші анасындай қамқорлық көрсететініне деген сенім қалыптасқаннан кейін бала өзі де біртіндеп өзге педагогтарға деген жылы жүз, дұрыс көзқарас, сыйластық қалыптасады. Мұның бәрі ата-ананың тәрбиеші мен педагогтарға деген көзқарасына тікелей байланысты.

- Баланың өзге балаларға көзқарасы. Ата-ана балаға қоғамдық ортада үйдегідей емес, өзге барлық балалармен тең екенін ұғындыруы керек. Балабақша үшін барлық балалардың деңгейі де, дәрежесі де, орны да бірдей. Соған сай оларға қойылатын талап та, міндеттер де бірдей. Қарапайым мысал: баланы балабақшаға бейімдеуде алғашқы күндері жарты күнге қалдыратын әдіс бар. Сондайда баланың ойында «Барлық бала кешке дейін қалады, мен жарты күн ғана боламын, мен өзгеше баламын» деген сияқты түсінік қалыптасып қалмауын қадағалау қажет. Балабақшада балаларға берілетін тамақтың өзі бәріне бірдей, барлық бала берілген тамақты жейді, сондықтан жаңадан келген бала да соған ортақ болуы тиіс. Тәжірибеде «Менің балам мұндай тамақты жемейді» деп үйден тамақ тасыған ата-аналар болған. Бұл баланың балабақшаға



тез бейімделуін тежейді.
Енді кеңестерге тоқталайын:
- Балаңызбен бірге бармас бұрын бір күнді арнап, балабақшаны аралаңыз, тәрбиешімен және топтың жалпы тәртібімен танысыңыз. Бұл сіздің балаңыздың мінезіне, таным-түсінігіне, қалауына қайшы тұстарын аңғарып, оған алдын ала бейімдеуге, сақтандыруға көмектеседі.
- Тамақтану – бала өмірін, денсаулығын сақтаудың табиғи жолы. Сондықтан да баланың тамақтану тәртібі ең маңызды мәселе. Ал баланың тамаққа тәбеті үнемі қадағалауды талап етеді. Балабақшаға келетін бала диеталық тағамдарды жейтіні белгілі. Үйдегі әртүрлі анасының дәмді тамақтарынан кейін кей балалар үшін балабақша тамағын жеу – тым қатаң талап болады. Сол себепті балабақшаның ас мәзірімен алдын ала танысып, үйде сол тамақтарды жасап, баланы бейімдеу керек.
- Үй жағдайында өз-өзіне қызмет көрсетуді үйрету қажет: киініп-шешіну, қасықты ұстау, қолын сүрту, т.б.
- Балабақша туралы проблемалық мәселелерді баланың көзінше айтып, оны қалдырып кетуге қобалжитыныңызды сездіріп қоймаңыз.
- Алғашқы күндері балаға өзінің сүйікті ойыншығын беріп жіберуге болады, ол баланың жалғызсырамауына, өз ойын бөлмесінде жүргендей сезінуіне жәрдемдеседі.
Бұл – ата-аналарға арналған қарапайым, бірақ өте маңызды кеңестер мен қағидаттар. Енді әріптестерге арналған әдіс-тәсілдермен бөліскім келеді. Әлбетте тәжірибесі мол, кәсіби қалыптасқан, білікті мамандарға соншалықты жаңалық болмауы мүмкін. Дегенмен жас әріптестерге көмек болса, осы мақаланың мақсаты орындалғаны деп білемін.
Баланың бақшаға алғаш келуі – бала ағзасы мен психикасы үшін өте күрделі процесс. Баланың балабақшаға бейімделуінің 3 түрі бар: жеңіл, орташа және ауыр. Жеңіл бейімделуі – баланың тәбеті төмендеп, балалармен ойнағысы келмейді, бірақ бұл бастапқы 10-20 күндей болады. Ата-аналар баласының бірінші айда кенеттен ауыратынын есте сақтауы керек, алайда ауру зардапсыз 7-10 күннен аспайды. Орташа бейімделуде балалардың көңіл-күйі ретке келуі 20-40 күндерге созылуы мүмкін. Бұдан басқа балаларда 30-40 күндерде аздап салмақ тастауы кездеседі.Баланың ауыр бейімделуі – пневмония, бронхит, құлақтың қабынуы, т.б. аурулары бар балалар үшін бейімделудің осы деңгейі тән. Сонымен қатар, бұл деңгей мінез-құлықында қиындықтары бар, ұяң, тұйық, оқшау жүргенді қалайтын балаларда да орын алады. Егер бала 60 күннен астам уақыт ішінде бейімделмесе, ата-аналар шара қолдану керек.
Ерекшелеу. Балабақшаға жаңадан келген баланы өзгелерден ерекшелемеуге тырысқан абзал. Бұл – баланың балабақшаға бейімделу кезеңін жеңіл өткермеуіне әкеп соғатын басты себеп. Себебі өзін басқа балалардан бөлектеп, бөтен сезініп тұрған бала одан сайын шеттейді, ортадан алыстайды. Сондықтан жаңа келген бала топтың барлық балаларымен тең дәрежеде ұстаған дұрыс, әрине мұның өзі тәрбиешіге автоматты түрде келе қоятын реакция емес. Алайда бұл бала үшін де, тәрбиеші үшін де ең жақсы жол. Мысалы, анасы қалағанын орындамай немесе сұрағанын бермей қойған сәтте бала көңіл-күйін жиып тұрады. Осындайда анасы айналып, толғанса, бала еріксіз эмоциясын реттей алмай қалады. Осы себепті арнайы кезеңнен өткенде баланы ерекшелеп, өзгелерден өзгешелеп, аса назар аударып, ебектеуге болмайды.
Еркіндік. Тәрбиешілер мен өзге де әріптестеріме түсінікті болу үшін ересектерге арналған жағдаятпен мысал келтірейін. Мәселен, сіз жаңа ортаға жұмысқа тұрдыңыз делік. Сізге келе сала басшыңыз тек қана істеуге болмайтын талаптарын тізбектеп шықты. Сіздің санаңызда сақтық, үрей, тартыншақтық пайда бола бастайды. Сол секілді жаңадан балабақшаға келген балаға да топтың, білім ортасының балалаларға қоятын талаптары мен түрлі тиымдарынан бастауды ойға алмаған жақсы. Еркіндік адам бойына сенім сыйлайды. Сондықтан балаға тиым салынған нәрселерді емес, бірінші оған жасауға болатын жағдайларды айтыңыз, мысалы: ойнауға болады, әжетханаға қатты қаласаң, тіпті ұйықтап жатқанда да тұрып, сұрануыңа рұқсат, көңілің қаламай тұрса, бірінші асты толық тауысып ішпеуіңе болады, бірақ екінші асты достарыңмен ойнауға күш жинау үшін ішуің керек, т.б.
Топқа қосу. Бұл – баланы жай ғана топтағы балалардың арасына қосып жіберу емес, тезірек топтың бір мүшесі болуға жәрдемдесу деген сөз. Топқа жаңа қосылған бала әсіресе ұйымдастырылған оқу қызметтерінде кедергілерге, түрлі қиындықтарға кездесуі мүмкін. Осындайда топтың көзінше оған «Біздің топқа енді ғана келген ғой, әлі білмейді» деп айту біріншіден жаңадан келген балалардың өзін, екіншіден топтағы басқа балалардың оған деген төмен бағалауын қалыптастырады: «Ол білмейді, мен білемін» деген сияқты. Осы үшін керісінше бұрыннан білетін балаларды жаңадан келген балаға көмектесуге шақыру керек. Сонда топтағы балалардың барлығы тәрбиешінің көңілінен шығу үшін жаңадан келген баламен достасуға тырысады. Бұл балалардың ортақ тіл табысуына, араласып-құраласып кетуіне көмек болады.
Бейімделу (адаптация) – ата-ана, тәрбиеші, бала деп аталатын үштік одақтың адасында өтетін күрделі процесс. Ал оның жеңіл немесе ауыр өтуі осы үштік одақтың үшеуіне де бірдей байланысты. Үшеудің біреуі ғана белсенді болса, нәтиже бермейді. Сондықтан бұл мәселеге тәрбиеші мен ата-ана бірдей назар аударып, бейімделу кезеңінің жеңіл өтуіне қолынан келгенше жәрдемдесу керек, ал баладан күтілетін нәтиже соны орындау болмақ, әрине өз еркімен. Әр баланың балабақша өз ортасы болып кетуіне тілектеспін!




"ЖАС ДАРЫН"
республикалық дарынды балалар орталығы
"ЖАС ДАРЫН"
республиканский центр для одаренных детей
Жас дарын
ДИПЛОМ
БАС ЖҮЛДЕ
Республикалық "САМҒА САМҰРЫҚ" балалар байқауында
"Көркемсөз" номинациясы бойынша
Темірәлі Ахмет
үздік өнер көрсеткені үшін марапатталады
"ЖАС ДАРЫН"
орталығының директоры
Н. Дунгенбай

**Аты жөні:** Темірәлі Ахмет Қалдыбекұлы

**Туған жері:** Алматы қаласы

**Жұлдызы:** мерген

**Хоббиі:** сурет салу, мәнерлеп оқу

**Мінезі:** өте алғыр, зерек, ақылды, мінезі ашық бала.






**Білім ұясы:** Алматы қаласы №110 бөбекжай-балабақшасы

**Жетістігі:** «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырған «Елін сүйген, Елі сүйген Елбасы» атты мәнерлеп оқу өңірлік байқауында, Халықаралық «Ғұмырдария» балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен өткен байқауда «Көркем сөз» номинациясы бойынша 1-ші дәрежелі дипломмен, Республикалық «Самға самұрық» байқауында «Көркем сөз» номинациясы бойынша бас жүлдені жеңіп, диплом, төс белгі, Халықаралық «Астана ЭКСПО-2017» көрмесі аясында ұйымдастырылған III Халықаралық «ART BAYTEREK» байқауында үздік өнер көрсеткені үшін бас жүлдені жеңіп, дипломмен марапатталған.



**Жамбыл облысы, Тараз қ. №28 балабақшасы,**
**№12 Байтерек ересек тобы**
**«Бейбітшілік және достық барша әлемде»**



Алматы облысы,Талдықорған қ. №45 «Арман» балабақшасы (7 жасқа дейін)
«Әрқашан күн сөнбесін, аспаннан бұлт төнбесін!»



www.rc-dd.kz